


№12 (468)  
30 желтоқсан  
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық  
ақпараттық-  
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



**БОЛАШАҚ  
БІЗДЕН БАСТАЛАДЫ**

Ақтөбе өңірлік  
Zhubanov University

Қазақстан бойынша  
4-ші орындағы  
Үздік университет

Еуропа және  
Орта Азияның дамушы  
елдерінің  
Үздік университеті  
рейтингінде 351-ші қатарда

Әлемнің 22 елінің  
125 университетімен серіктес

15101 білім алушы  
8 факультет  
23 кафедра  
79 бакалавр мамандығы  
46 магистратура мамандығы  
6 PhD-докторантура  
мамандығы

**Жаңа 2022 жыл  
құтты болсын!**

## Осы санда



МЕРЕЙТОЙЛЫҚ  
МАРАПАТ КҮНІ

4-5 66



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ  
БАҚЫТТЫ  
ҰРПАҒЫМЫН

6-7-6



БЕЙБІТШІЛІК  
БӘРІНЕН  
ҚЫМБАТ

8-9 66



ӨНЕР-ӨМІР  
ИЕСІ

16-17 66



## ✓ Басты жаңалықтар

## ✓ Главные новости

## ✓ Main news

## ПРЕЗИДЕНТ Қ.ТОҚАЕВ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Астана Опера» опера және балет театрының ғимаратында өткен салтанатты іс-шараға Тұңғыш президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәртебелі қонақ болып қатысты.

Қазақстан Президенті барша қазақстандықтарға арнап сөйлеген сөзінде Қазақ мемлекеттілігінің ғасырлар бойғы тарихының ең маңызды кезеңдеріне тоқталып, Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, сыртқы саяси, мәдени, ғылыми салалардағы маңызды жетістіктерін саралады. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың егемен Қазақстанды құру ісіндегі ерен еңбегіне алғыс айтты.

«Тәуелсіздіктің отыз жылы – тұтас бір дәуір. Бұл – қиындықтар мен сынақтарды табанды түрде еңсеру дәуірі, тар жол, тайғақ кешумен салыстыруға болатын ұзақ кезең. Бұл – халқымыздың тарихында бетбұрыс болған жасампаздық дәуірі. Сондықтан ел азаматтарының атынан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тәуелсіз Қазақстанды құрудағы ерен еңбегі үшін шын жүректен алғыс айтамын», — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздікті нығайтуға үлес қосқан барша отандасымызға да алғыс айтты.

«Еңселі ел болуымызға барлық саланың, түрлі мамандықтың өкілдері және барша азаматтарымыз бір кісідей атсалысты. Түптеп келгенде, Тәуелсіздікті нығайту дегеніміз – елге пайдасы тиетін нақты жұмыстарды жүзеге асыру. Қазақстан сіздердің жасампаз еңбектеріңіздің арқасында зор жетістікке жетті. Мен осы мерейлі сәтте Тәуелсіздігімізді нығайтуға қосқан үлесі үшін дүйім жұртқа алғыс айтамын», — деді Президент.

Қ.-Ж.Тоқаев алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы да сөз қозғады, елімізді одан әрі дамытудың басым міндеттерімен таныстырды.

«Енді алдымызда болашақтың экономикасын жедел құру міндеті тұр. Оның негізін жаңа технологиялар, жасанды интеллект, жоғары еңбек өнімділігі және шығармашылық бастама құрайды. Бұл жұмыстарды атқаруда жастар шешуші рөл атқаруы керек. Мемлекет қоғамдағы конструктивті диалог пен ынтымақтастықты мақсатты түрде дамыта отырып, әрқашан жауапты азаматтарға арқа сүйейді. Біз дәйекті саяси жаңғыру үдерісін жалғастыра береміз, бірақ әлеуметтік антагонизмге, популизмге, ішкі жағдайдың тұрақсыздануына жол бермейміз. Елімізде үйлесім мен тәртіптің берік арқауы ретінде заң үстем құруға тиіс. Экологияны



жақсарту алдағы онжылдықтағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болады. Қазақстан цифрлық технологияны енгізу ісін жан-жақты күшейтеді. Біз қоғамда іскерлік рухы мен тәжірибесін одан әрі күшейтуді сөзбен емес, жасампаз ұлттың даңқын асыра отырып іспен көрсетуіміз керек», деді ол.

Салтанатты жиын мерекелік концертпен аяқталды.

## ПРЕЗИДЕНТ К.Ж.ТОҚАЕВ ПРОВЕЛ ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ

Первый Президент Казахстана Нұрсұлтан Назарбаев принял участие в торжественном мероприятии, посвященном 30-летию независимости страны, которое прошло в здании Театра оперы и балета «Астана». Президент Казахстана обратился ко всем казахстанцам. Он рассказал о важнейших периодах многовековой истории казахской государственности и проанализировал важные достижения Казахстана в социально-экономической, внешнеполитической, культурной и научной сферах за годы независимости. Касым-Жомарт Тоқаев поблагодарил Первого Президента Нұрсұлтана Назарбаева за его вклад в создание суверенного Казахстана. «Тридцать лет независимости – это эпоха. Эпоха устойчивости, долгий путь, который можно сравнить с узкой скользкой дорогой. Это поворотный момент в истории нашего народа. Поэтому от имени граждан страны искренне благодарю Нұрсұлтана Назарбаева за большой вклад в создание независимого Казахстана», — сказал

Президент. Касым-Жомарт Тоқаев поблагодарил всех наших соотечественников, внесших свой вклад в укрепление независимости. «Представители всех отраслей, разных профессий, все граждане принимали участие в нашем развитии как одна нация. В конечном итоге укрепление независимости означает выполнение конкретной работы, которая принесет пользу стране. Казахстан добился больших успехов благодаря вашему труду. Я всегда благодарю людей за их вклад в укрепление нашей независимости», — сказал Президент.

К.Тоқаев также рассказал о планах на ближайший период, представил приоритеты дальнейшего развития страны. «Теперь нам нужно быстро построить экономику будущего. Она основана на новых технологиях, искусственном интеллекте, высокой производительности и творческой инициативе. Молодежь призвана сыграть ключевую роль в этой работе. Государство всегда делает ставку на ответственных граждан, целенаправленно развивая конструктивный диалог и сотрудничество в обществе. Мы продолжим процесс последовательной политической модернизации, но мы не допустим социального антагонизма, популизма, дестабилизации внутренней ситуации. В нашей стране должно преобладать верховенство закона как прочная опора гармонии и порядка. Улучшение окружающей среды будет ключевым приоритетом государственной политики на ближайшее десятилетие. Казахстан активизирует внедрение цифровых технологий. Нам необходимо и дальше укреплять деловой дух и опыт в обществе не на словах, а на деле, прославляя нацию», — сказал он. Торжественное собрание завершилось праздничным концертом.

## PRESIDENT K.TOKAYEV HELD A SOLEMN MEETING

The first President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, took part in a solemn event dedicated to the 30th anniversary of the country's independence, which took place in the building of the Astana Opera and Ballet Theatre. The President of Kazakhstan addressed all Kazakhstanis. He spoke about the most important periods of the centuries-old history of Kazakhstan and analyzed the important achievements of Kazakhstan in the socio-economic, foreign policy, cultural and scientific spheres during the years of independence. Kassym-Jomart Tokayev thanked the First President Nursultan Nazarbayev for his contribution to the creation of a sovereign Kazakhstan. "Thirty years of independence is an era. An era of perseverance, a long road that can be compared to a narrow slippery road. This is a turning point in the history of our people. Therefore, on behalf of the citizens of the country, I sincerely thank Nursultan Nazarbayev for his great contribution to the creation of independent Kazakhstan," the President said. Kassym-Jomart Tokayev thanked all our compatriots who have contributed to the strengthening of independence. "Representatives of all industries, different professions, all citizens took part in our development as one nation. Ultimately, strengthening independence means doing concrete work that will benefit the country. Kazakhstan has achieved great success thanks to your work. I always thank people for their contribution to strengthening our independence," the President said.

K.Tokayev also spoke about the plans for the nearest period, presented the priorities for the further development of the country. "Now we need to quickly build the economy of the future. It is based on new technologies, artificial intelligence, high productivity and creativity. Young people have a key role to play in this work. The state always relies on responsible citizens, purposefully developing constructive dialogue and cooperation in society. We will continue the process of consistent political modernization, but we will not allow social antagonism, populism, or destabilization of the internal situation. The rule of law should prevail in our country as a solid foundation of harmony and order. Improving the environment will be a key public policy priority for the next decade. Kazakhstan is stepping up the introduction of digital technologies. We need to further strengthen the business spirit and experience in society, not in words, but in deeds, glorifying the nation," he said. The solemn meeting ended with a festive concert.

## Басты жаңалықтар

## Главные новости

## Main news



### 2021-Жылдың үздік спортшысы - ZHUBANOV UNIVERSITY СТУДЕНТІ

Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитеті 2021-жылды қорытындылап, "Altyn Samgay" ұлттық спорт сыйлығы аясында үздік спортшылар мен бапкерлердің есімін атады.

"Altyn Samgay-2021" ұлттық спорт сыйлығын табыстау елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында өтті.

"Жыл жаңалығы" номинациясы бойынша қазақстандық каратеші, Zhubanov University студенті Нұрканат Ажиканов жеңімпаз атанды. Жақында БАӘ-де өткен әлем чемпионатында Н.Ажиканов екі қола алған болатын. Ол жеке жарыста үшінші болды, сосын ерлер командасына Түркияны жеңуге үлес қосты. Бұл жарыс Нұрканаттың ересектер арасындағы ең алғашқы әлем біріншілігі еді. Сондықтан спортшы жеңісін

спорттық мансабындағы ең үлкен табысы ретінде бағалады.

Нұрканат Ажиканов Токио 2020 Жазғы Олимпиадалық ойындар қатысушысы, каратэ спортынан жасөспірімдер арасында бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы атанған.

"Altyn Samgay-2021" сыйлығын алып тұрып, жас спортшы жеңістерінің сырымен бөлісті. "Бастысы өмірде де, спортта да өз-өзіңе деген сенім қуат береді, жүлдеге жетелейді", — деді ол.

### ЛУЧШИЙ СПОРТСМЕН 2021 ГОДА - СТУДЕНТ ZHUBANOV UNIVERSITY

Национальный олимпийский комитет Казахстана подвел итоги 2021 года, назвав лучших спортсменов и тренеров в рамках национальной спортивной премии "Altyn Samgay". Вручение национальной спортивной премии "Altyn Samgay" состоялось в столице Нур-Султане. Казахстанский каратист, студент Zhubanov University Нурканат Ажиканов стал победителем в номинации "Прорыв года". На недавнем чемпионате мира в ОАЭ Н.Ажиканов завоевал две бронзовые медали. Он занял третье место в личном зачете, а затем внес свой вклад в мужскую сборную, обыграв Турцию. Это соревнование стало первым чемпионатом мира Нурканата среди взрослых. Поэтому спортсмен считает победу большим достижением своей спортивной карьеры.

Нурканат Ажиканов - участник летних Олимпийских игр Токио-2020, многократный чемпион Казахстана по каратэ среди юниоров.

Получив приз "Altyn Samgay", молодой спортсмен поделился секретом своей победы. "Главное, чтобы вера в себя как в жизни, так и в спорте, давала энергию и приводила к победам", — сказал он.

### BEST SPORTSMAN OF 2021 - STUDENT AT ZHUBANOV UNIVERSITY

The National Olympic Committee of Kazakhstan summed up the results of 2021, naming the best athletes and coaches in the framework of the national sports award "Altyn Samgay". The presentation of the national sports award "Altyn Samgay" took place in the capital Nur-Sultan. Nurkanat Azhikanov, a Kazakh karate fighter and student at Zhubanov University, became the winner in the Breakthrough of the Year nomination. At the recent World Championship in the UAE N.Azhikanov won two bronze medals. He finished third in the individual competition and then contributed to the men's team by beating Turkey.

This competition became the first Nurkanat World Championship among adults. Therefore, the athlete considers the victory to be a great achievement of his sports career. Nurkanat Azhikanov is a participant in the Tokyo 2020 Summer Olympic Games, a multiple champion of Kazakhstan in karate among juniors.

Having received the "Altyn Samgay" prize, the young athlete shared the secret of his victory. "The main thing is that belief in yourself both in life and in sports, give energy and lead to victories," he said.

## ҚАЗАҚСТАНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Бұл туралы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері мұғалімдерінің съезінде айтылды.

Педагогтер қауымдастығы өзекті мәселелерді талқылау алаңына айналмақ. Қауымдастықтың бөлімшелері еліміздің әрбір ауданында, қала мен барлық өңірде жұмыс істейтін болады.

Съезде ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, еліміздің әр өңірінен келген педагогтер, лингвист-ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары мен оқытушылары қатысты.

Съезге қатысушылар қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сапасын арттыру бойынша пікір айтып, тәжірибелерімен бөлісті. Қашықтан оқытуға байланысты туындаған мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа тәсілдер қарастырылды.

«Бүгін біз маңызды мәселені көтеріп, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту сапасын ашық талқылап отырмыз. Егер бұл мәселелерді шешу жолдарын іздемесек, біз одан әрі дамымаймыз. Бұл қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқулықтардың мазмұны, оқу бағдарламалары және жоғары оқу орындарында мамандар даярлау мәселелері. Өзекті сұрақтарды талқылау және шешу, сонымен бірге пәндерді оқыту сапасын арттыру өте маңызды. Әрбір пәннің орны ерекше: математика, физика, химия, ағылшын тілі, дене шынықтыру және басқа да пәндер маңызды болып табылады. Сондықтан мұндай съездер дәстүрлі түрде ұйымдастырылып, аталған форумдар мектеп қабырғасында оқытылатын басқа да пәндер бойынша өткізіледі», — деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов съезде сөйлеген сөзінде.

## В КАЗАХСТАНЕ БУДЕТ СОЗДАНА РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АССОЦИАЦИЯ УЧИТЕЛЕЙ

Об этом рассказали на съезде учителей казахского языка и казахской литературы. Ассоциация учителей станет площадкой для обсуждения актуальных вопросов. Филиалы Ассоциации будут работать в каждом районе, городе и регионе страны. В Конгрессе приняли участие министр образования и науки Асхат Аймағамбетов, педагоги, лингвисты, ректоры и преподаватели вузов из разных регионов страны.

Участники Конгресса поделились своими взглядами и опытом по повышению качества обучения казахскому языку и литературе. Обсуждались вопросы, связанные с дистанционным обучением. Также были рассмотрены новые подходы к обучению казахскому языку и казахской литературе. «Сегодня мы поднимаем важный вопрос и открыто обсуждаем качество преподавания казахского языка и казахской литературы. Если не будем искать решения этих проблем, мы не будем развиваться дальше. Это содержание учебников по казахскому языку и литературе, учебные планы и вопросы обучения в высшей школе. Важно обсуждать и решать актуальные вопросы, а также повышать качество преподавания дисциплин. Каждому предмету отведено особое место: важны математика, физика, химия, английский язык, физкультура и другие предметы. Поэтому традиционно организуются такие съезды. Они проводятся и по другим предметам, преподаваемым в школе», — сказал министр образования и науки Асхат Аймағамбетов.

## REPUBLICAN ASSOCIATION OF TEACHERS TO BE ESTABLISHED IN KAZAKHSTAN

This was told at the congress of teachers of the Kazakh language and Kazakh literature. The Association of Teachers will become a platform for discussing topical issues. The branches of the Association will operate in every district, city and region of the country. The Congress was attended by the Minister of Education and Science Askhat Aimagambetov, teachers, linguists, rectors and university professors from different regions of the country.

The participants of the Congress shared their views and experience on improving the quality of teaching the Kazakh language and literature. Issues related to distance learning were discussed.

Also, new approaches to teaching the Kazakh language and Kazakh literature were considered. "Today we are raising an important issue and openly discussing the quality of teaching the Kazakh language and Kazakh literature. If we do not seek solutions to these problems, we will not develop further. This is the content of textbooks on the Kazakh language and literature, curricula and issues of education in higher education. It is important to discuss and resolve topical issues, as well as to improve the quality of teaching disciplines. Each subject has a special place: mathematics, physics, chemistry, English, physical education and other subjects are important. Therefore, such congresses are traditionally organized. They are held in other subjects taught at school," said Minister of Education and Science Askhat Aimagambetov.



## ✓ 30 years of Independence of the Republic Kazakhstan

Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Еліміз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Ел астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, сонымен бірге, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы. Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны және көпірі.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушылық билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне жетекшілік жасайды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсімде Қазақстан халқын Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесімен құттықтады. Тәуелсіздік күні қарсаңында еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар Мемлекеттік наградалармен марапатталды.

«Баршаңызды қастерлі тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл ұлт мерейін өсіретін ұлық мейрам. Кез келген халықтың табысқа жетуі азаматта-

арнады. «Қазақстан қысқа мерзім ішінде өзінің жаңа келбетін, жаңа негізін қалады. Осының бәрі Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізген көреген саясатының арқасында және біздің барлық қазақстандықтардың еңбегінің нәтижесі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды еңсеріп, межелі мақсаттарға жетуде білім мен ғылым саласының орны ерекше болды. Үлкен өзгерістерге қол жеткіздік. Осы өзгерістерге барлығымыз бір адамдай қатыстық. Егеменді елімізде өзіндік білім беру және ғылым мәдениеті қалыптасты.



## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАРАПАТ КҮНІ



рына байланысты. Бұл — өмірдің заңы. Адам капиталы мықты мемлекет барлық қиындықтарды еңсере алады. Тәуелсіздік кезеңінде халқымыз елдіктің бірегей үлгісін көрсетті.

Еңбек — ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы деп бекер айтылмаған. Шын мәнінде, біздің бүгінгі жетістігіміз — барша халқымыздың ортақ жеңісі. Жаңа Қазақстанды өркендетуге азаматтарымыздың көбі сүбелі үлес қосты. Бүгінгі мерейлі сәтте еліміздің барша азаматтарына табанды еңбегі үшін зор алғыс айтамын», — деді Қ.Ж.Тоқаев.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздің білім мен ғылым саласын дамытуға үлес қосқан үздік қызметкерлеріне де құрмет көрсетілді. Оларға мерейтойлық марапатты табыстап тұра ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов құттықтау сөзін

Біз білім мен ғылым саласындағы алдыңғы құндылықтарды ысырып тастаған жоқпыз. Жаңашылдықтарды енгізе білдік. Оны ұштастыру өте маңызды міндет еді. Менің ойымша бұл міндетті өте үлкен жауапкершілікпен қабылдап, үдесінен шықтық. Білім саласының қай сатысын алсақ та өзгерістерге толы жылдар болды. Мысалы, бала бақшаларды алайық, 1991-ші жылмен салыстырмай-ақ қояйын, 1999-2021 жылдар аралығын салыстырсақ, бала бақшаның саны тек осы 22 жылдың ішінде 10 есе көбейген. Бүгінде балаларды бала бақшамен қамтамасыз ету көрсеткіші 99,1 пайызға жетіп отыр. Жалпы орта білім саласын алатын болсақ, әрине, бұл білім берудің өте маңызды сатысы, бұл салада да өте көп жетістіктер болды. Тәуелсіздік алған жылдары 2 мың жаңа мектеп салынды. Өте зор проблема — 4 аусымдық мектептер мәсе-

лесі шешілді. Тек қана 2003 жылы елімізде 2500 апатты жағдайдағы мектеп бар еді. Жаңа мектептер берілгесін, бұл мәселе жойыла бастады. Екі-үш жылда ол жайлы мүлдем ұмытатын боламыз.

Мемлекетімізде «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы ұстаздар қауымдастығына орасан серпіліс берді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы заңның қабылдануына ерекше көзқараспен қарап, соның ішінде міндетті түрде педагогтердің статусын көтеру бойынша, олардың жалақысын көтеру бойынша, оларды қағазбастылықтан арылту бойынша, оларды тән емес жұмысқа араластырмау бойынша арнайы тапсырма берді. Заңды іске асыру үшін тек қана бюджеттен 5,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Соңғы екі жылда осы заңның жемісін көріп келеміз. Бір көрінісі ҰБТ нәтижесін сараптағанда байқалды. Педагогикалық мамандықты таңдаушылар саны артты және олардың орташа баллы 100 балға жақындады. Демек, педагогтікке мектепті үздік бітірушілердің назар аударып бастағаны.

Тәуелсіздік жылдары «Дарын» мектептер желісі, «Білім-Инновация» лицейлер желісі, Назарбаев зияткерлік мектептер желісі дамыды. Бұл мектептер өзгеше моделімен ғана емес, білім беру стилімен еліміздің барлық мектептеріне үлгі ретінде ұсынылуда.

Колледждер туралы да айтарымыз мол. 30 жыл ішінде колледж-

дерден 3,5 миллион кадр дайындалып шығыпты. Бұрынғы колледждердің материалдық базасы мен оқытушы құрамын сақтай отыра бұл оқу орындарының санын да, сапасын да арттыра білдік. «Жас маман» жобасы іске асып, 2-3 жылда еліміздегі 180 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды, білім беру бағдарламасы жаңартылды. Жоғары білім сатысын алатын болсақ, мұнда да жетістіктер мол. Соның ішінде ең маңызды, тарихи оқиғалардың бірі — әріне Тұңғыш Президенттің бастауымен жүзеге асып жатқан «Болашақ» бағдарламасы. Бұл өте керемет жоба. Қазір арада 28 жыл өтті, осы жобаның қаншалықты біздің еліміз үшін маңызды екенін көріп отырмыз. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алған әріптестеріміз еліміздің түрлі салаларында қызмет етіп жатыр. Соның ішінде ЖОО ректорлары да бар.

Еліміздегі 14 жоғары оқу орны QS Дүниежүзілік рейтингіне еніп, академиялық дербестік алып, жалпы даму жолында.

Ғылым саласында да жетістіктер жетерлік. Оның бәріне тоқталмай, бір ғана жағымды үрдісті атай кетейін. ЖОО ғылыми саласында жас ғалымдардың саны өсуде, қазір жалпы ғалымдардың 40 пайызға жуығы жастар. Бұл ғылым саласына жастардың бет алуының көбейгенін көрсетеді. Тағы бір мақтанышымыз отандық ғалымдарымыздың Covid 19



коронавирус инфекциясына қарсы QazVac вакцинасын шығаруы. Осы ғалымдардың көшбасшысы, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закария Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Әл-Фараби атындағы мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Бұл — Қазақстан ғылымының биік шыңға ұмтылысының айғағы», — деп сөзін қорытындылады министр.

Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінде де егеменді еліміздің мерейлі тойына орай салтанатты кеш өтті. Онда құттықтау сөз алған университет ректоры Лаура Қарабасова тәуелсіздік тұғырын беріктетуге үлес қосқан барша әріптестеріне жылы тілегін айтты. "Ел тәуелсіздігі халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған асқақ арманы. Тәуелсіздікке жету жолында қазақ талай нәубетті бастан кешті. Сондықтан бәріне қымбат тәуелсіздікке қол жеткізген соң халқымыз осы мүмкіндікті жақсы, табысты пайдаланды. Тәуелсіз елмен бірге өсіп, қалыптасқан ұрпақ ретінде мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен өркендеуінің күәсі болып келеміз. Береке-бірліктің арқасында еліміз әлем таныған іргелі мемлекетке айналды. Өрі бейбітшілік бесігі деп мойындалды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, рухани жаңғыруына әрине би-

зақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 163-ші қаулысымен университет мемлекеттік мәртебе алды.

Қазіргі таңда 15 мыңнан астам білім алушының таңдауы болу университетімізге үлкен мерей.

Соңғы жылдары университетіміз Ұлттық рейтингілерде үнемі үздіктер қатарында, орнықты позициясын ұстап келеді. Біз екі жыл қатарынан QS Еуропа және Азияның дамушы елдеріндегі университеттер рейтингінде 351-ші орында тұрақтап тұрмыз. Бұл біздің тұрақты дамуымыз бен халықаралық байланыстарымыздың кемелденуінің көрінісі.

Тәуелсіздік күні мерекесінде университетіміздің бір қатар көрнекті өкілдері мемлекеттік марапатқа ие болды. Ішінен ерекше атағым келетіні университет мақтанышы, қоғам қайраткері, ғалым-ұстаз Амангелді Айталы ағамыздың II дәрежелі Барыс орденімен марапатталуы. Сондай-ақ профессор Халел Құсайынов "Құрмет" ордені, Константин Цхай, Қуанышбек Шүңкеев, Рахым Бекназаров, Мира Балтымова және басқа да бірнеше әріптестеріміз "Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл" мерекелік медалімен наградталды. Бұл әріптестеріміздің елеулі еңбегіне берілген марапат болғанымен, қоғамның оқу ордамызға көрсетілген құрметі пен мойындауы деп санаймын.

## ☑ Main news

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘНҰРАНЫНА БЕЙНЕБАЯН

Әнұранның бейнебаянын түсіруге 3 мың қазақстандық қатысқан. Қатысушылар ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі және ҚР Ұлттық Ұланының 180 сарбазы, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Мемлекеттік академиялық филармониясының 120 әртісі, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының 150 қызметкері және өңір жастары, студенттер, сала мамандары, қарапайым тұрғындар.



Бейнебаян түсірілімдері Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Түркістан қалаларында жүргізілген. Негізгі көріністерде елордадағы «Қазақ Елі» монументі, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, «Қазмедиа» орталығы» телерадиокешесі, Алматыдағы Республика алаңы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Көктөбе» демалыс кешені, Түркістандағы «Керуен сарай» туристік кешені, Қожа Ахмет Ясауи қорық-мұражайы, Каспий теңізі мен Алматы облысының Шарын шатқалы, Ақмола облысындағы Бурабай ұлттық паркі және Маңғыстау облысының Ақеспе тауы алынды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған бейнебаянды түсірген "Қазақстан" телерадиокорпорациясы.

### ВИДЕОКЛИП К ГИМНУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В съемках ролика приняли участие 3000 казахстанцев. Это 180 военнослужащих Пограничной службы Комитета национальной безопасности и Национальной гвардии Республики Казахстан, 120 артистов Государственного театра оперы и балета «Астана Опера» и Государственной академической филармонии акимата Нур-Султана, 150 сотрудников телерадиокорпорации «Казakhstan», молодежь, студенты, отраслевые сотрудники и жители городов. Съёмки видеоклипа проходили в Нур-Султане, Алматы, Ақтау и Туркестане. Главные сцены снимали у монумента «Қазақ Елі» в столице, в Государственном театре оперы и балета «Астана Опера», Национальном музее Республики Казахстан, телерадиокомплексе «Казмедиа», на Площади Республики в Алматы, в Казахском национальном университете имени аль-Фараби, на базе отдыха «Коктобе», в туристическом комплексе «Керуен Сарай» и музее Ходжа Ахмеда Ясави в Туркестане, на берегу Каспийского моря и в Чарынском ущелье Алматинской области, Национальном парке Боровое в Акмолинской области и на горе Ақеспе в Мангистауской области. Видеоролик, посвященный 30-летию Независимости, подготовила телерадиокорпорация «Казakhstan».

### VIDEO CLIP TO THE ANTHEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

3000 Kazakhstanis took part in the filming of the video. These are 180 servicemen of the Border Service of the National Security Committee and the National Guard of the Republic of Kazakhstan, 120 artists of the State Opera and Ballet Theater "Astana Opera" and the State Academic Philharmonic of the Nur-Sultan Akimat, 150 employees of the TV and Radio Corporation "Kazakhstan", youth, students, industry employees and citizens. The video was shot in Nur-Sultan, Almaty, Aktau and Turkestan. The main scenes were filmed at the monument "Kazakh Eli" in the capital, at the State Opera and Ballet Theater "Astana Opera", the National Museum of the Republic of Kazakhstan, the TV and radio complex "Kazmedia", on the Republic Square in Almaty, at the Kazakh National University named after al-Farabi, on the basis of recreation "Koktobe", in the tourist complex "Keruen Saray" and the museum of Khoja Ahmed Yasavi in Turkestan, on the shores of the Caspian Sea and in the Charyn gorge of the Almaty region, the Borovoe National Park in the Akmola region and on Mount Akespe in the Mangistau region.

The video clip dedicated to the 30th anniversary of Independence was prepared by the TV and radio corporation "Kazakhstan".



лім және ғылым қызметкерлерінің үлесі жоғары. Бүгінгі күні университетіміздің танымалдығы сіздердің адал еңбектеріңіздің жемісі деп білемін.

Тәуелсіздік алғалы 30 жыл ішінде біздің оқу орнымыз да кезең-кезеңмен тарихи сәттерді бастан кешті. Тарихқа көз жүгіртсек, егемендіктің желі есе бастағанда, 1990 жылдың 23 ақпанында Қазақ ССР Министрлер кеңесінің 72-ші қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтына аса ірі қоғам қайраткері, лингвист, қазақ тілі білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың есімі берілді. Одан кейін Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1996 жылғы 573-ші қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты Ақтөбе университеті болып қайта құрылды. Ал Қа-

Мерейі үстем оқу орнының ректоры және егемендік түлегі ретінде өңір басшысы Оңдасын Оразалинмен бірге Нұр-Сұлтан қаласында өткен Тәуелсіздік күніне арналған мемлекеттік іс-шараға қатыстым. Онда Елбасы -Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтауларында еліміздің 30 жылда атқарған істері мен қол жеткен жетістіктерін зерделеді. Іс-шарада елімізді тәуелсіз мемлекет етіп қалыптастырудағы Елбасының тарихи роліне баға берілді. Білім мен ғылым саласындағы табыстар жайлы да сөз болды. Болашақтың экономикасы туралы, мемлекет құрудағы жастардың шешуші роль атқаратыны жайында да айтылды", — деді ректор.

Дайындаған  
Гүлнара Қараша

## ✓ Generation of independence



**Нарқозы Қартжан**  
**Zhubanov University «Филология»**  
**білім бағдарламасының**  
**2-курс докторанты**  
**Nur Otan партиясы жанындағы Жастарды**  
**қолдау жөніндегі Ақтөбе облыстық**  
**қоғамдық кеңесінің мүшесі**

# Тәуелсіздіктің бақытты ұрпағымын

Мен тәуелсіздіктің бақытты ұрпағымын. Қымбатты елім — Қазақстаным егемендік алған соң 4 жылдан кейін дүниеге келіппін. Қазір жасым 26-да. Ойлап қарасам, оқушы кезімнен қоғам өмірінде белсенді екенмін. Оқушылар сарайында театр үйірмесінде шыңдалдым. Өңірде, республикада өтетін түрлі жарыстарға барып, жүлделі орындар алып жүрдім. Қоғамдық белсенділігімді университетте жалғастырдым. Студенттік КТА құрамында ойнадым. Студенттік сенатор, студенттік ректор болдым. Қоғамдық істердің жаныма өзгеше жақыны — волонтерлік болды.

Бүгінде волонтерлер қатарында жүргеніме 7 жылдан асыпты. Бұл әлеуметтік бағытпен ең бірінші «Д.А.Р» еріктілер клубына мүше болып таныстым. Осы клуб мүшесі ретінде қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында өткен дзюдодан халықаралық чемпионатқа қатысып, бір ай біліктілік арттыру курсыннан өтіп, адамдарға көмек көрсету жолдарын үйрендім. Ағылшын тілі мамандығында оқып жүргесін көбіне аудармашылық қызмет атқаратынымын. Сол кезден бастап волонтерліктің түпкі мақсатын түсініп, оның дамуы, рөлі жайлы кең ұғына бастадым. Тәжірибе жинап, ЕХРО көрмесі, Алматыдағы Универсиада, Ақтөбеде өткен гір көтеруден әлем чемпионатында ерікті қызметін атқардым. Елімізде еріктілердің серпіліс алғаны сәті — ЕХРО көрмесі болатын. Халықаралық шарада Ақтөбеден 150 ерікті барып, қызмет еттік. Ал 2018 жылы қараша айында Әзербайжан Республикасының астанасы Бакуде үлкен халықаралық волонтерлер форумы болды. ТМД елдерінің волонтерлік қозғалысы жетекшілері жиналған жиында волонтерліктің дамуы бойынша Ресей мен Әзербайжан елдерімен қатар тұрдық.

Елімізде волонтерлердің 2016 жылы бекітілген заңында қызметі, міндеті бекіген, сондықтан жақсы дамып жатыр. Бұрын ерікті болу хобби сияқты болса, қазір жауапкершілігі жоғары жұмыс. Ақтөбеде 35 еріктілер тобы бар. Волонтерлер саны 1500-ден асты. «Zello Іздеу», «Ақтөбе Дыши», «Жүректен жүрекке», «Ақтөбе қайырымды жандар» тобы елге танымал. Бізде жоғалған адамдарды іздеу, қарияларға көмек көрсету жүйесі дұрыс жолға қойылған. Табиғат жанаушылары аянбай еңбек етіп жүр, өзен-көлдердің экологиялық про-

блемасын шешуде жергілікті билік алдына өткір сұрақтар қояды. Осы әр салада жүрген волонтерлердің бірігіп іс тындыруына, байланысып отыруына, жалпы жүйеленуге дәнекер болатын қауымдастық құрылды. Біздің университеттегі «ProActive-2020» Академиясының бір бағыты да — еріктілер мектебі. Еріктілік тек қана қайырымдылық емес. Мысалы, волонтерлер әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасыларын қолдау мақсатында бір күндік акция өткізіп, азық-түлік, киім-кешек апарып береді. Өзім куә болған бір оқиғаны айтайын. Біз көмек көрсететін бір жанұя теледидар сұратты. Сосын тоңазытқыш жоқ дегесін, оны да апардық. Сөйтсек, тоңазытқыштары бар болып шықты. Бұл жанұяда өсіп жатқан балалар әке-шешенің осы үлгісімен тоғышар болып өспей ме? Өмір бойы қол жайып. Сондықтан ондай отбасының ең-

үйретсін. Білімнің өрісі артады, әлеуметтік бір саты жоғарылайды, бастысы өз бетімен өмір сүруге дағдыланады.

Қазір облыстық волонтерлер лигасының төрағасымын, негізін қалаушымын. Оқушылармен жұмыс жасап жатырмыз. Волонтерлікті тәрбие құралы ретінде де қарастыруға болады. Өйткені, жасөспірімдер арасында қатыгездік жағдайлар мен құқықбұзушылық фактілері жойылмай тұр. Волонтерліктің 7-8 бағытын балаларға түсіндіріп, қайырымды істерге баулимыз.

Туған елімнің тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Ұлт көшбасшысы, ҚР Тұңғыш президенті, Елбасы біліктілігі жоғары мамандарға барлық жағдай жасалған мемлекет құрды. Ал жас буынның міндеті сол мүмкіндікті пайдаланып, зайырлы елді гүлдендіріп, әрмен қарай қарыштап дамуы жолында еңбек етуі тиіс.

Маған осы уақытқа дейін Нұр-Сұлтан Назарбаевпен екі рет кездесудің сәті бұйырды. Алғашқы кездесу 2016 жылы «Қоныс» спорт сарайында өткен белсенді жастар форумында болды. Түнімен қобалжып, ұйқым қашып, тыныға алмай келгенмін. Ол кісі кіріп келіп, ортадағы сахнаға көтерілгенде бойыма әлдебір күш-қуат біткендей, жеңілденіп сала бердім. Бұл сезімді сол форумға қатысқан 3 мың жас басынан кешкен болар деп ойлаймын. Өйткені Нұрсұлтан Әбішұлының энергетикасы мықты екен, сұңғыла саясаткердің өнегелі сөзі мен дара тұлғасынан зор жігер алдым. Екінші кездесуім мені шексіз бақытқа бөледі. Нұр-Сұлтан қаласына облыс жастары атынан өкіл ретінде қатысқан басқосуда Тұңғыш президентпен бір үстелдің басында отырып, емін-еркін сұхбат құрдық. Бұл есімде мәңгі жатталатын естеліктер.



блемасын шешуде жергілікті билік алдына өткір сұрақтар қояды. Осы әр салада жүрген волонтерлердің бірігіп іс тындыруына, байланысып отыруына, жалпы жүйеленуге дәнекер болатын қауымдастық құрылды. Біздің университеттегі «ProActive-2020» Академиясының

бекке жарамды мүшесін жұмысқа орналастырып, өз бетінше табыс таба алу қабілетіне үйрету керек, балаларына білім беру керек. Мен шет тілі маманымын, шетел тілін білу көп мүмкіндіктерге жол ашады. Мен ағылшын, неміс тілін үйретейін, басқа маман өз саласын



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



## ZHUBANOV UNIVERSITY ОҚЫТУШЫСЫ — ТОҒЫЗҚУМАЛАҚТАН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Ақтөбеде тоғызқумалақтан Азия чемпионаты өтті. Бұл дәрежедегі жарыс өңірде алғаш рет ұйымдастырылды. Чемпионатқа 12 мемлекеттің 200-ден астам ойыншысы қатысты.

Zhubanov University оқытушысы Азамат Қайдаров тоғызқумалақтан ерлер арасында «Классика» номинациясы бойынша алтын медаль тағып, Азия чемпионы атанды. Сонымен қатар ол бұл жеңісімен халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін де орындады. Азамат Қайдаров Қазақстан ұлттық құрамасында еліміздің атынан шыққан спортшы.

Азамат Қайдаровтан өзге 20-дан астам спортшы түрлі номинациялар бойынша алтын, күміс, қола медальдар иеленді.

Жарыста ең үздік шетелдік ойыншылар да анықталды. Бұл атақ ерлер арасында түркіменстандық Розыгулы Маликулыевке, әйелдер арасында өзбекстандық Багила Нұржановаға берілді.

Тоғызқумалақтан Азия чемпионатының жабылу рәсіміне Дүниежүзілік тоғызқумалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов пен Ақтөбе қаласының әкімі Асхат Шахаров қатысты.

"Тоғызқумалақ жарыстарында жеңімпаздар бар, бірақ жеңілетін ешкім жоқ. Себебі ұтатын біздің ұлттық мұрамыз, ұлттық мәдениетіміз, ұрпақтар сабақтастығы. Ғасырлар бойы тоғызқумалақ жастардың бойында зерделілікті, ыждағаттылықты, жүйелі ойлауды тәрбиелейтін құрал болып келді", — деді Әлихан Байменов құттықтау сөзінде.

Айта кетсек, Ақтөбе облысы бойынша тоғызқумалақ федерациясының президенті болып Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінің ректоры Лаура Қарабасова сайланған болатын. Аталмыш ұйымның вице-президенті де университет өкілі, кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы Сабыржан Мұхтаров.

## ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ZHUBANOV UNIVERSITY СТАЛ ЧЕМПИОНОМ АЗИИ ПО ТОГЫЗКУМАЛАКУ

В Актобе прошел чемпионат Азии по тогызкумалаку. Это первое соревнование такого уровня в регионе. В чемпионате приняли участие более 200 игроков из 12 стран. Преподаватель Zhubanov University Azamat Kaidarov завоевал золотую медаль по тогызкумалаку среди мужчин в номинации «Классика» и стал чемпионом Азии. Этой победой он также выполнил норматив мастера спорта международного уровня.

Азамат Кайдаров — спортсмен, представляющий нашу страну в составе сборной Казахстана. Помимо Азамата Кайдарова, более 20 спортсменов завоева-



ли золотые, серебряные и бронзовые медали в различных категориях. Также в конкурсе были определены лучшие легионеры. Звание присуждено Розыгулы Маликулыев из Туркменистана среди мужчин и Багила Нуржановой из Узбекистана среди женщин.

Президент Всемирной федерации по тогызкумалаку Алихан Байменов и аким Актобе Асхат Шахаров приняли участие в церемонии закрытия Чемпионата Азии по тогызкумалаку. «В соревнованиях по тогызкумалаку есть победители, но проигравших нет. Ведь истинная победа в сохранении нашего национально-го достояния и культуры, преемственности поколений. На протяжении веков тогызкумалак был инструментом воспитания у молодежи интеллекта, трудолюбия и системного мышления», — сказал Алихан Байменов в своей поздравительной речи.

Стоит отметить, что ректор Zhubanov University Лаура Карабасова избрана президентом Федерации по тогызкумалаку Актыбинской области. Вице-президентом этой организации также является представитель вуза, декан профессионально-творческого факультета Сабыржан Мухтаров.

## ZHUBANOV UNIVERSITY TEACHER BECAME THE ASIAN CHAMPION IN TOGYZKUMALAK

The Asian championship in togyzkumalak was held in Aktoke. This is the first competition of this level in the region. More than 200 players from 12 countries took part in the championship. Zhubanov University teacher Azamat Kaidarov won the gold medal in togyzkumalak among men in the "Classic" category and became the champion of Asia. With this victory, he also fulfilled the standard of an international master of sports.

Azamat Kaidarov is an athlete representing our country in the national team of Kazakhstan. In addition to Azamat Kaidarov, more than 20 athletes won gold, silver and bronze medals in various categories. The best legionnaires were also determined in the competition. The title was awarded to Rozyguly Malikulyev from Turkmenistan among men and Bagila Nurzhanova from Uzbekistan among women.

President of the World Federation of Togyzkumalak Alikhan Baimenov and Akim of Aktoke Askhat Shaharov took part in the closing ceremony of the Asian Championship in Togyzkumalak. "There are winners in togyzkumalak competitions, but no losers. After all, a true victory in the preservation of our national heritage and culture, the continuity of generations. For centuries, togyzkumalak has been a tool for educating young people for intelligence, industriousness and systemic thinking," Alikhan Baymenov said in his congratulatory speech.

It should be noted that the rector of Zhubanov University Laura Karabasova was elected president of the Federation for Togyzkumalak of Aktoke region. The vice-president of this organization is also a representative of the university, dean of the professional and creative faculty Sabyrzhon Mukhtarov.

## ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА 35 ЖЫЛ ТОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев желтоқсан оқиғасына 35 жыл толуы қарсаңында Twitter парақшасында естелігін жазды. "Осыдан 35 жыл бұрын қазақ жастары Кеңес одағының өктемдігіне қарсы шықты. 1986 жылғы наразылық шеруі халқымыздың бостандыққа ұмтылысын көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштары — Желтоқсан қаһармандарының өшпес ерлігі біздің мемлекеттілік тарихымызға мәңгі жазылды", — деді президент.

1986 жылдың 17-18 желтоқсанында бұрынғы Қазақ КСР астанасы Алматыда сол кездегі коммунистік биліктің шешіміне қарсы жаппай наразылықтар мен халық көтерілістері түрінде болған қазақ жастарының үн қосуы Желтоқсан оқиғасы деген атпен тарихта қалды.

## ДЕКАБРЬСКИМ СОБЫТИЯМ 35 ЛЕТ

Накануне 35-й годовщины декабрьских событий Президент Касым-Жомарт Токаев написал в Twitter: «35 лет назад казахстанская молодежь выступила против советской оккупации. Протесты 1986 года продемонстрировали стремление нашего народа к свободе. Первые ласточки независимости за неизгладимый героизм навсегда вписаны в историю нашей государственности», — сказал Президент.

Объединение молодежи 17-18 декабря 1986 года в Алматы, столице бывшей Казахской ССР, в форме массовых протестов и народных восстаний против решения тогдашних коммунистических властей, стали известны как Декабрьские события.

## DECEMBER EVENTS 35 YEARS OLD

On the eve of the 35th anniversary of the December events, President Kassym-Zhomart Tokayev wrote on Twitter: "35 years ago, Kazakh youth opposed the Soviet occupation. The 1986 protests demonstrated our people's desire for freedom. The first swallows of independence for indelible heroism are forever inscribed in the history of our statehood," the President said.

The youth association on December 17-18, 1986 in Almaty, the capital of the former Kazakh SSR, in the form of mass protests and popular uprisings against the decisions of the then communist authorities, became known as December events.

## ✓ The international cooperation

Түркияның Гүмүшхане университетінен (Gümüşhane Üniversitesi) келген түркітанушы ғалым, Ph.D.Cihangir Kizilözen бір ай бойы Zhubanov University филология факультетінде дәріс оқып, семинар жүргізді. Бірнеше тілде сөйлейтін ғалым тұлғалық ерекшелігімен де білім алушыларды баурап алғаны байқалды. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 3 курс студенті Қуат Дос ФБ парақшасында «Желтоқсанның тоғызында филология факультетінде ерекше ашық сабақ өтті. Доцент Бағила Мұратбектің ұйымдастыруымен «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәні қорытындыланды. Ашық сабаққа түркітанушы Cihangir Kizilözen мырза мен оның Түркиядағы студенттері қатысты. Сабақ барысында 7-8 ғасырдан басталатын қазақтың әдеби тілі жайлы әңгімелестік. Түркиялық ғалым ағайымыз да өз ойын ортаға салды. Кейіннен орта ғасырлық ескерткіштер, жыраулық поэзия және ұлттық жазба әдеби тіліне де жеке-жеке тоқталдық. Сабақ барысында ZOOM платоформасымен қосылған түркиялық магистранттарға тікелей түрік тіліне аударма жасалып, жақсы әсерлер алдық. «Қазақ болып туған сіздер бақыттысыздар», — деді түркиялық ағай. Өз ісінің мықты маманы екен. Біздің топқа 2 рет сабақ өткізді. Құр сөзбен емес, практика жүзінде көне түркі жазбаларын тікелей оқытып, қазіргі тілімізбен салыстырды. Бұл дегеніміз студенттерді сол салаға қызықтырудың бірден бір жолы», — деп жазды, жеке әсерімен бөлісіп. Ал «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті Бағила Құрманбекқызы Мұратбек: Белгілі түркітанушы, Ph.D.Cihangir Kizilözen мырзамен әр кездесу құнды және терең. Тіліміздің қайнар бұлағын, бастауларын (этногенезі, хронологиясы, эволюциясы) бұзбай, динамикасын сақтап, өз шеберлігімен ұсынуы мен ұштастыруы тәнті етті. Кезекті семинар-тренинг "Қазақ тілі мен әдебиеті" ББ тобындағы магистранттар және осы бағытта білім алушыларға арналды, форматы аралас өтті. Онлайн семинарға Ph.D., түрколог М.Адилев (Газиосманпаша университеті, Түркия) қатысты. Cihangir мырзаның қарапайымдылығы, стиль мәдениеті, тілдік аргументтері (салыстырмалы әдіс, салыстырмалы тілдік материалдар) және жалпы тілімізге құрметі, сөз магиясы ерекше! Полиглот-ғалым "Тіл-мәдениет-тарих" аспектілерін зерттеудің танымы мен тағылымын талапқа сай ұсынды және қазіргі заманауи түркі тілдерінің түп-тұқияннан бүгінге дейінгі салыстырмалы қабатына терең үңілуге бағыт берді», — деген пікірімен бөлісті.

Түркітанушымен біз де кездесіп, бірнеше сұрақтарымызға жауап алып үлгердік. Әңгімелескен журналист Гүлнара Қараша.

— Сіздің іс-сапарыңыз Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерейлі мерекесін тойлау қарсаңына сәйкес келіпті. Ойыма келген бірінші сұрақ, сіз Қазақстан туралы бұрын білуші ме едіңіз? Алғаш рет қашан естідіңіз?

— Тұңғыш рет Қазақстанға келуім Қызылорда қаласынан бастау алады. Сондағы Қорқыт ата атындағы университетте жұмыс істедім. Сосын қазіргі Нұр-Сұлтан қаласына келіп (бұрын Астана деп аталды), Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Түркітану кафедрасында 5 жыл еңбек еттім. 2015 жылы Түркияға оралдым. Ал қазақтар туралы көз ашқалы білемін. Түбі бір түркі халқымыз. Оның үстіне мен Түркияда соңғы 30 жылда тұрамын. Ұлттық — әзербайжан. Сондықтан қазақтар жайлы өте ертеден білемін деп айта аламын. Тіл жағынан ұқсастығымыз бар. Дегенмен, мен қазір қазақ тілін ұмтыңқырап қалыппын. Грамматикасын жақсы білгенмен, ауызекі тілдесу мүмкіндігі болмады. Осында жүрген 1 ай ішінде қайтадан біраз төселіп қалдым.

— Сізді көп тіл білетін полиглот ғалым екен деп таныстырып жатыр. Тілдерді үйрену сіздің ғылыми зерттеулеріңізге байланысты ма? Әлде жеке қызығушылық нәтижесі ме?

— Парсы, түрік, ағылшын, орыс, қазақ тілдерін білемін. Әзербайжан тілі — ана тілім. Шындығында, тілдерді шартты түрде үйренемін. Қа-

зақстанға келдім, яғни қазақ тілін үйренуім шарт. Білуім шарт деп түсінемін. Әрине, ғылыми зерттеулеріме байланысты да сондай шарт қоямын алдым. Қай тіл қажет болса соны алдымен, ең дегенде грамматикасын меңгеріп, зерттеу жұмыстарын бастаймын. Қазақ тіліне ерекше қараймын. Türkçenin en eski izleri (Түрік тілінің ең көне іздері) тақырыбындағы негізгі ғылыми зерттеуімнің нәтижесі басылған кітабымды қазақшаға аударуға ниеттімін.

— Мен көп тіл білетін адамдарды қатты құрметтеймін, оларға қызығамын. Осыншама тілді қалай үйренуге болады, амал-тәсілдеріңізбен бөлісіңізші.

— Ұқсас сөздерді салыстыру арқылы үйренемін және үйретемін. Қазақ студенттерім түрікше үйретіңізші деп өтінеді. Оларға да осы тәсілді айтамын. Түрік және қазақ тілдерінде бір әрпін өзгертіп айтса мағынасы бір сөздер көп. Сондықтан түрікшені де, қазақшаны да үйрену қиын емес деп санаймын. Егер адам ана тілін толық білсе түрікшені 3 айда меңгереді, ал ана тілінен орысшасы мен ағылшыншасы озып тұрса, 1 жылда үйренеді.

Қараша айында түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммиті Ыстанбұл қаласында өткенінен хабардар боларсыз. Сонда айтылған біраз мәселелердің арасында ортақ тілге қатысты сұрақтар да қозғалды. Бұл жөнінде соңғы жылдары айтылып



# БЕЙБІТШІЛІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

жүр. Менің ойым, түркітілдес халықтардың ортақ тілінің болуы өте қажет емес. Одан да осы халықтардың тіліндегі ұқсас сөздердің салыстырмалы сөздігін шығару керек. Түркітілдес мемлекеттер бір-бірімен қарым-қатынас жасаған кездерде тіл мәселесі кедергі болмауы тиіс. Мысалы, Түркиядан келгендер қазақша, Қазақстаннан Түркияға барғандар емін-еркін ойын жеткізе алатындай тіл білу дәрежесі болғаны жарасымды. Ол үшін жаңа айтқан сөздіктерді тездетіп шығаруды қолға

алған абзал. Мен бұл жайлы ғылыми конференцияларда ұсыныс айтып жүрмін.

— Жұбанов университетінде сізді қалай қабылдады? Лекцияларыңыз бен семинарларыңыз да тыңдаушылар не жайлы сұрайды?

— Ақтөбеге алғаш келдім. Іс-сапарға жиналуым аяқ астынан болды. Марлен Ерланұлы деген қазақстандық шәкіртім бар. Ұсыныс айтты. Оның алдында Қазақстан туралы, Тәуелсіздігінің 30 жылдығы





туралы ойлап жүр едім. Бір барып қайтсам деп. Сол тілегімнің орындалуына осындай мүмкіндікті жібергім келмеді. Бауырлас халықпен қайта қауышу мен үшін — бақыт. Енді Жұбанов университетіне қатысты пікірімді жеткізер болсам, бірден байқағаным, мұнда сабақ беретін тілші-әдебиетші оқытушыларының білімдерінің тереңдігі. Сондықтан лекция-семинарларда ой алмастық, білім алмастық. Ортақ жобалар жасағымыз келеді. Бастысы мен қызмет істейтін Гүмүшхане университеті (Gümüshane Üniversitesi) мен Жұбанов университеті (Zhubanov University) арасында ынтымақтастық қарым-қатынас басталуына жол ашылды. Академиялық ұтқырлық, профессор-оқытушылардың тәжірибе алмасуы бойынша байланыстар болады деген сенімдемін.

— **Өңгімеңізден Қазақстанға шын ықыласыңыз сезіліп тұр. Егемендігіне 30 жыл ғана толған жас мемлекетке не тілер едіңіз?**

— Мен түркітілдес мемлекеттердің бәрін жақсы көремін. Түркітілдес халықтардың рухы бір. Мейлі ешуақытта бетпе-бет кездеспейік, сырттай тілекші болып отырамыз. Саясатта түрлі жағдайлар болады. Сонда түркітілдес мемлекеттеріне бүйрек бұрады. Бұл сезім жастардың бойында да бар, өйткені рухани бірлік атадан-бабадан тарайды, жалғасады. Түркітілдес мемлекеттердің арасында Қазақстан ең ірісі деп есептеймін. Сонымен қатар сыртқы қауіп жоғары ел. Бір жағында Қытай, екінші жағында Ресей сияқты алып мемлекеттер шекаралас тұр. Қазақстан ақылды саясат арқасында бейбіт дамып жатыр. Өткені 30 жылда әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық қиындықтар болған шығар, бірақ қазақтың бір рет те мұрны қанамады. Бейбітшілік бәрінен қымбат. Соған риза боламын. Түркітілдес мемлекеттер ішінде қазақстандық жастар ой еркіндігімен, ашық-жарқындығымен ерекшеленіп тұрады. Ұлы-қызы тең құқықта. Шетелге шығып, білім қууларына еш кедергі жоқ.

Тарихы мыңдаған ғасыр қойнауынан басталатын жас мемлекеттің болашағы зор болуына тілектеспін!

## ☑ Main news

### ҮШІНШІ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Қазақстан Республикасында 2021-ші жылдың 1-қыркүйек пен 30-қазан аралығында Ұлттық халық санағы жүргізілді. Ұлттық халық санағы еліміз егемендік алғалы бері үшінші рет ұйымдастырылды. Халық санағын өткізу белгілі бір уақыт аралығындағы халықтың демографиялық, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы ақпаратын жинау, өңдеу, жариялау, тарату мақсатындағы жалпыұлттық статистикалық сараптау болып саналғанмен, бұл шара негізі мемлекеттің алдағы даму бағытын айқындау, басқарушылық шешімдер шығару үшін қажет. Сонымен, Ұлттық халық санағының алғашқы нәтижесі туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп берген премьер-министр Асқар Мамин Қазақстан халқының санының 19 169 550 адамға жеткенін мәлімдеді. Қазақстандықтардың 48,71 пайызы — ерлер, 51,29 пайызы — әйелдер.

Қазақстан халқының орта жасы 31,94 жас деп көрсетілген. Жалпы халықтың 33,97 пайызы — 17 жасқа дейінгі балалар, 19,72 пайызы — 14-28 жас аралығындағы жастар. Еліміздегі қазақтардың үлесі — 70,18 пайызға жеткен. Халықтың 59,05 пайызы, яғни 11 320 410 адам еңбекке жарамды.



Қазақстанда халық санағы он жылда бір рет өтеді. Бұған дейінгі санақ 2009 жылы өткен еді. Санақ қорытындысы бойынша елдегі халық саны 16 миллион 9 мың болған.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Нияз Көшкімбаевтың баяндауынша 2009 жылғы халық санағы дәстүрлі әдіспен өтті. Санақшылар респонденттерден алған мәліметтерді қағаз бланкілерге қолмен толтырды. Санақ аяқталғаннан кейін толтырылған бланкілер деректерді тану үшін сканерден өткізілді. Қолмен толтыру кезінде санақшылардың жіберген қатесінен қайта нақтылау жұмыстары уақыт алатын. Респонденттердің ЖСН-і қолданылмағандықтан, қайталанған деректерді салыстыру мүмкіндігі болған жоқ. Осы аталған қателіктерді болдырмау мақсатында, биылғы халық санағын өткізу барысында, алғашқы 15 күнде, интернет сауал салу өткізілді. Онда респонденттерге санақтан өздігінен өтуге, санақ парақтарын толтырудың әрбір кезеңіндегі нұсқаулықтар мен әзір-жауаптар, сондай-ақ виртуалды көмекшінің көмегімен оларды толтыруға мүмкіндік беретін [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) мамандандырылған сайтта интернет желісі арқылы респонденттер өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне санақ парақтарын өздігінен толтыра алды.

Үкімет 2022-жылдың ортасына дейін Ұлттық халық санағы бойынша соңғы мәліметтерді жариялауы керек.

### ТРЕТЬЯ ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

Перепись населения проводилась в Республике Казахстан с 1 сентября по 30 октября 2021 года. Это третья Национальная перепись населения с момента обретения независимости. Хотя перепись представляет собой общенациональный статистический анализ, направленный на сбор, обработку, публикацию и распространение информации о демографическом, экономическом и социальном характере населения за определенный период времени, эта мера необходи-

ма для определения будущего развития государства, управленческих решений.

Так, сообщая Президенту Казахстана Касым-Жомарту Токаеву о предварительных результатах Национальной переписи населения, Премьер-министр Асқар Мамин представил данные, что численность населения Казахстана достигла 19 169 550 человек. 48,71% казахстанцев — мужчины, 51,29% — женщины. «Средний возраст населения Казахстана составляет 31,94 года. 33,97% от общей численности населения составляют дети до 17 лет, 19,72% — молодые люди в возрасте от 14 до 28 лет. Доля казахов в стране достигла 70,18%. 11 320 410 человек - трудоспособны. В Казахстане перепись проводится каждые десять лет. Предыдущая перепись проводилась в 2009 году. По переписи населения в стране проживало 16 миллионов 9 тысяч человек.

По словам заместителя руководителя Национального статистического бюро Агентства по стратегическому планированию и реформам Нияза Көшкімбаева, перепись 2009 года проводилась традиционным способом. По окончании переписи заполненные формы сканировали на предмет распознавания данных. Повторная проверка ошибок, допущенных счетчиками при заполнении вручную, потребовала времени. Из-за того, что респонденты не использовали ИИН, сравнить повторяющиеся данные не удалось. Чтобы избежать этих ошибок, в течение первых 15 дней переписи этого года был проведен онлайн-опрос. На сайте [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) респонденты самостоятельно проходили перепись. Были подготовлены инструкции на каждый этап заполнения анкет переписи, а также активные кнопки виртуального помощника. Респонденты могли заполнить анкеты для себя и членов своей семьи в режиме онлайн.

Правительство должно до середины 2022 года опубликовать обновленные данные переписи населения.

### THIRD POPULATION CENSUS

The population census was carried out in the Republic of Kazakhstan from September 1 to October 30, 2021. This is the third National Population Census since independence. Although the census is a nationwide statistical analysis aimed at collecting, processing, publishing and disseminating information about the demographic, economic and social nature of the population for a certain period of time, this measure is necessary to determine the future development of the state, management decisions. Thus, informing the President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev about the preliminary results of the National Population Census, Prime Minister Askar Mamin presented data that the population of Kazakhstan has reached 19,169,550 people. 48.71% of Kazakhstan are men, 51.29% are women. "The average age of the population of Kazakhstan is 31.94 years. 33.97% of the total population are children under 17 years old, 19.72% are young people aged 14 to 28 years. The share of Kazakhs in the country has reached 70.18%. 11 320 410 people are able to work. In Kazakhstan, a census is carried out every ten years. The previous census was conducted in 2009. According to the census, 16 million 9 thousand people lived in the country.

According to Niyaz Koshkimbaev, deputy head of the National Statistical Bureau of the Agency for Strategic Planning and Reforms, the 2009 census was conducted in the traditional way. At the end of the census, the completed forms were scanned for data recognition. Re-checking the errors made by the counters during manual filling took time. Due to the fact that the respondents did not use the IIN, it was not possible to compare duplicate data.

To avoid these mistakes, an online survey was conducted during the first 15 days of this year's census. On the site [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz), the respondents took the census on their own. Instructions were prepared for each stage of filling out the census questionnaires, as well as active buttons of the virtual assistant. The respondents could fill out the questionnaires for themselves and their family members online.

The government is due to publish updated census data by mid-2022.



✓ New article by Elbasu



**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысты.**

**Елбасы қазақстандықтарды еліміздің бас мерекесі — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.**

— Осы жылдар ішінде Қазақстан алдына ауқымды міндеттер қойып, биік белестерді бағындырды. Біз бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындап, еліміздің ұлы тарихын жалғастырып жатырмыз. Елдігімізді нығайтып, әлемдік қоғамдастық мойындаған іргелі мемлекетке айналдық, — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстанның Тұңғыш Президенті салтанатты шарада Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Маминге, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының көмекшісі Д.Ақышевқа, Алматы облысының әкімі А.Баталовқа, Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары-Айрықша мақсаттағы күштердің қолбасшысы А.Әшімбекұлына, «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры А.Дзюбаға, «Mabetex Group» компаниясының негізін қалаушы Б.Паколлиге, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығы басшысының орынбасары С.Сейтеновке мемлекеттік наградалар тапсырды.

— Қазақстанның өркендеуі мен ел игілігі — сіздер үшін ең маңызды дүние. Бұл марапаттар — ел дамуына сіңген ерен еңбектің жемісі. Баршаңызды осы жоғары мемлекеттік наградалармен шын жүректен құттықтаймын. Мықты денсаулық, бақ-береке мен табыс тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, мемлекетіміз өркендей берсін, — деді Нұрсұлтан Назарбаев барша марапат иелеріне арнау сөзінде.

**Тәуелсіздіктің торқалы тойы қарсаңында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылымы» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Мақалада Тұңғыш Президент-Елбасы туған халқымен тәуелсіздік тағылымы жайлы ой бөлісіп, толғанады.**

Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол — үлкен белес, асқаралы асу. Мұндайға тек рухы күшті, бірілгі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоңыр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманат-

тай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татұлық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу — әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

**Адамзат тарихындағы ең аутулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктеді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымыздың сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.**

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

**Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол — ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан**

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы**

# ТӘУЕЛСІЗДІК

**беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы.**

Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабаларымыз шейіт болды. Оларды еске алу, құрметтеу — біздің парызымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз — тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқылы қол жеткіздік.

Мен миллиондаған адамды қанға бекітіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын XX ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығымен тыл жұмысы үшін әскерге шақырылды. Отаршыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халықты ашындырып, төзімін тауысты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты.

Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бекірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет әкелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны — 1921-22 жыл мен 1930-32 жылдардағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлмат кезінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдар соңында сталиндік қанды репрессия ұлтымыздың сүт бетіне шығар қаймақтарын жалмап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қасаптан аман қалмады.

Әрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесем де, әкем мен анамның өзеңін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. **Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған.**

Адамзат тарихына ең қанды қырғын ретінде енген екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі — Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда әр үйден майданға аттанған ағаларым, ер-азаматының орнын жоғатпай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жеңгелерім, қарша-

дай күнінен өгізге жегілген соқамен жер жыртып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің еңбек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрпаған сол ауыр күндерден қалған естелікте болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын құдірет еңбек екенін мен сәби кезімнен-ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек ет, отбасыңды асыра, еліңе қызмет қыл: өзің де табысты болып, Отаныңның да қуаты артады» дейтінім сондықтан.

Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, болат балқыту — халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдықтың нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жоқ.

XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдүллә, алты миллион халықпыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша, Дала өлкесінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспағанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Демек, Аханың айтып отырғаны — күмән келтірмейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін кеміп, республика халқының небәрі 30 пайызын ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді.

Азат еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік — бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осында.

**Мен отыз жыл бойы халқымызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпаймай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым.**



# ТАҒЫЛЫМЫ

**Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысымыз да, ең үлкен бақытымыз да осы деп санаймын.**

Біз, Абай атамyz айтқандай, «ақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп салалар мен бағыттар бойынша өзгелерден озып кеттік. Енді осының мән-жайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынып келеді.

Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғары билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік экономика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамуын тығырыққа тіреді.

Тоқырау кезінде ел экономикасында орын алған мүшкіл халді Қарағанды облыстық партия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғар бастадым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылығына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асынып тұрған болатын.

М.С.Горбачевтың «қайта құруы» тоқырауға белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпсөзділікке, жаппай жарнамалық ұрандарға жол берілді. Экономикалық базис жасалмай, асығыс басталған «бетбұрыс» жылдар бойы қордаланған проблемаларды одан әрі өршітіп, шарықтау шегіне жеткізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлаудың нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының I съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезде мен Республика Министрлер Кеңесі төрағасы болатынмын. Алып одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді.

Кремльдің Съездер сарайының трибунасынан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтірер болсақ, онда былай деген екем: «... Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасындағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитеті деректері бойынша, елдегі азық-түлік өндірісі артқан, бірақ сөрелер бос. Жоспарлар орында-луда, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономикадағы дағдарыстың

қаншалықты тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ.

Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозған дәстүрлері негізінде жасалды».

Өрине, екі күннің бірінде «қайта құру», «бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасалды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті регламентпен шектегісі келгендей сыңай танытты. Бірақ залдың дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмай-тынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомстволық өктемдік әлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурсына бай республикамыздың өз әлеуметтік дамуында ауыр жөлге түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне әкеп соқтырды. Ыдыс-аяқ дүкеніне кіріп кеткен пілдің кебін киген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бөктіруде. Мұнай өндіріп жатқандарға оның түк қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ».

Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің еңі сұл-сұр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сәттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті ұшығып кетті.

Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үдеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жалғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қамтыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құрамындағы 15 республика түгелдей өз егемендігін жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен басқа 12 республика өлі Одақ құрамында болатын.

М.С.Горбачев қаншалықты жанталаса қимылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткенімен, КСРО-ның одан әрі ыдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18-21 тамызында әйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күллі әлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіздігін жария етті.

Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан береке кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді.

Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, аңысын аңдумен болдық. Маған батылырақ қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша **1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, еркін қимылдауыма жол ашты.**

Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хофф бастаған Еуропа Парламентінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстанның жаңадан сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен демеу, халықаралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда Б.Н.Ельцин, Л.М.Кравчук және С.С.Шушкевичтің қатысуымен Белоруссияның Беловежесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушкевичпен жүздесу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұндай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды.

Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізген баспасөз мәслихатында: «КСРО құрамына енген барлық республикалардың тәуелсіздігін мойындап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуына көмектесу керек», – деген пікірімді ортаға салдым.

Желтоқсанның 12-13 жұлдызында Ашхабадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тең құқылы мүше болуға әзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертеңінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанында өткен 12-шақырылған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң шығарылды.

Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапысыз даярланған заң бірден-ақ мақұлданауға тиіс болатын. Оның үстіне өзге республикалар мұндай заңдарын әлдеқашан қабылдап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқашалау болып шықты.

Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн тәртібі жария етілісімен-ақ бір депутат: «Біз кімнен және неден тәуел-

сіздік алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жатқан жоқпыз ба осы?!», – деп арандаушылық пиғылдағы сұрағын бастап кетті.

Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: «Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертең таңертең 17 миллион халықтың тең жарымы – өрестілді қауым бөтен мемлекеттің азаматтары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ғой», – деді.

Ал енді бір «халық қалаулысының»: «Тек қазақ ғана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат деуге бола ма, жоқ па?», – деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен әдейі, этика сақтап және ол уақыттың алыста қалғанына, заман-төреші бәрін әлдеқашан өз орнына келтіргеніне байланысты қазір олардың атын атап, түсін түстеуді жөн көрмедім.

Өрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алдыруға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Ә.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауаптарына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады.

Талқылау әбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мән-жайды өзім түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақстан халқы, күллі әлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауымыз керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпұлтты Қазақстан халқының алдында біздің армыз таза. Бұл – барлығы әр сөзіне үңіле отырып оқитын маңызды заң. Менің сайлауалды бағдарламам, біз шешкелі отырған барлық мәселелердің түйіні – осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артық шүйілудің, ешқандай мән-маңызы жоқ сөздерді қосудың қажеті жоқ. Занды осы күйінде басым көпшілік дауыс арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаңыздан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын».

Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутаттардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көпшілік дауыспен қабылданды. Бұл бәріміз көптен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастырушылықпен, қапысыз дайындықпен жүзеге асты.

(Жалғасы 12-13 беттерде)

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

**Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын.**

Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл әлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік деңгейде мойындалуын да алдын ала ойластырып қойған едім.

Бірнеше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-тың сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақстанды тұңғыш Президент сайлауымен, тәуелсіздік жариялауымен шын жүректен құттықтады. Бұл ақпаратты онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы АҚШ пен Батыс елдеріне сол сәтте-ақ таратып жіберді.

Оқуғалар ағыны қарқын ала түсті. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова және Қазақстан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақстан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері «КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай болады, кімнің жетегінде кетуі мүмкін?» деген әлем мемлекеттерінің алаңдаушылығын саптып, Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды.

Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен «соқпақталы, соқпақты замандардан» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

**Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз бөреке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін білуіміз керек. «Бірлігі бар ел озады», — дейді дана халқымыз.**

Біз дамудың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекеттерінде, екіншіше қарай, соғыс өрті тұтанып, Приднестровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстанда азамат

соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмпулер мен қақтығыстар орын алып, сол жылдары басталған келіспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұралатып, жылдар бойы алға дамуын тежеді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркіні де тоқсаныншы жылдардан келе жатқан алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

**Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қаланған Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабылдадық. Бүкіл халық болып талқылаған бұл құжат ел даналығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.**

Дүниеде экономикалық даму мен демократияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп «Қазақстан-2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелі көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан-2050» бағдарламасын жасадық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды.

Біздің жұрт – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып бәйтеркейі өзінің күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байырғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұланғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді.

Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шек-

тес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстанымда болуына септігін тигізді.

Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихымыздағы сол маңызды сәтте көрсеткен қолдауының әрдайым қадірін біліп, ризашылықпен есте ұстауға тиіспіз.

**Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет ахуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісімшарттар жасасып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманатын орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен кедергілердің бәрін өңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.**

Жер дегеннен шығады. Кеңес Одағы тұсында қазақтың ұлан-байтақ жерінің әр тұсы жантүршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі әскери полигондар мен базаларға, зертханаларға айналды. Тек бір ғана Семей полигонында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар әкелді. Қазақстан ғалымдарының есебінше, Семей полигонында жарылған атом бомбасының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан екі жарым мың есе артық екен. Мен осы тажал полигонын 1991 жылдың 29 тамызында жаптым.

Қазақстан тәуелсіздік алғанда біздің аумағымызда континентаралық баллистикалық ракеталарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл әлемдегі төртінші ядролық өлеует еді.

**Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіләлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі.**

Тәуелсіздігімізді жариялағанда біздің өз валютамыз да жоқ еді. Әлемдік қаржы нарығын мұқият зерттей келіп, ұлттық теңгемізді дер кезінде айналымға енгіздік.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертеңін ойлаған ел ғана озады. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарылмауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

**Біздің еншімізге тарихымызда өз ауқымдылығы мен қиын-**

**дығы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген жобаны жүзеге асыру – Сарыарқаның төріне, өрке Есілдің бойына ел қондырып, жаңа да әсем елорда салу мәртебесі бұйырды.**

Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеуіне серпін берді. Шымкент халқының саны миллионнан асқан республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде айтарлықтай өзгеріп, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын.

**Егемендіктің елең-алаңында ақ мен Қазақстанға экономикалық жаңғыру, инфрақұрылымды жаңарту және шикізатқа тәуелділіктен құтылу қажет екенін түсіндім. Бірақ тек үшінші онжылдықтың басына қарай, ресурс пен тәжірибе жинақтаған соң ғана біз бұл қиын істі жүзеге асыра алдық.**

Біз индустриаландыруға және өз өнеркәсіп базамызды дамытуға иек арттық. Сол мақсатпен Индустриялық-инновациялық дамудың үш бағдарламасы қабылданды, 9 триллион теңге сомасындағы 1500 жоба енгізілді. Қазақстан бұрын өндірілмеген өнімдер – электровоз, автобус, автомобиль, теміржол вагондары, трансформаторлар және басқа да 500-ден астам өнім түрін шығара бастады.

Жолдар мемлекеттің көлік саласының қан тамыры қызметін атқаратыны белгілі. Небәрі 10 жыл ішінде біз 14 мың шақырым автомобиль жолын және 2,5 мың шақырым теміржол салдық, ірі әуежайлардың бәрін, теңіз бен құрлық порттарын қайта жаңғырттық. Соның нәтижесінде теңізге шығатын жолы болмаған Қазақстан Еуропа елдеріне, Парсы шығанағына, Үнді, Алтанд және Тынық мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігіне қол жеткізді және еуразиялық трансконтинентальды көлік көпіріне айналды.

**Тәуелсіз еліміздің басты байлығы – адам. Мемлекетіміздің тірегі де, алтын дінгегі де – Қазақстан халқы. Мен бойымдағы қуат, қызметімдегі тәжірибе, ойымдағы нәр – бәрі-бәрін халқыма қызмет етуге жұмсап келемін.**

Сол үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері тағдыр талайымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған миллионнан астам қандастарымызды атамекенге алдырдым. Бұл айтар ауызға ғана оңай. Жер бетінде халқының саны миллионға жетпейтін қаншама мемлекет бар. Біз осыншама қандастарымызды шет елдерден алдырып қана қоймай, басына –





баспана, өзіне – жұмыс, ұрпағына білім бердік. Бұл іс әлі де жалғасын таба береді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде көптеген қиындықты еңсеріп, ұланғайыр табыстарға қол жеткізді. Алда алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз де, ықтимал сын-қатерлер де аз емес.

Міне, екі жылдан бері дүние жүзі алаң күй кешуде. Коронавирус дертінен туындаған пандемия әлемдік экономиканы ғана емес, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды, ғылым мен технология дамуын, жалпы адамның ойлау жүйесін айтарлықтай өзгертті. Ең алдымен, адамзатқа ортақ індет даму деңгейіне қарамастан ел мен елдің экономикасы мен технологиясын жақындастырып, бір-бірімен ынтымақтастыра бастады. Соның негізінде жаңа жаһандық экономикалық парадигма қалыптасты.

Жақында Нобель сыйлығының түрлі ғылым саласындағы лауреаттарының үлкен бір шоғыры «Біздің ғаламшар, біздің болашағымыз» саммитінің қорытындысы бойынша әлем мемлекеттеріне үндеу жасап, пандемия адамзат дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең үлкен апат болып енгендігін атап көрсетіп, онымен бүкіл дүние жүзі бірлесе күресуі керектігін алға тартты. Олар: «Егер осы бесжылдықта трансформациялық шаралар қабылданбаса, адамзаттың болашағына ауыр қатер төнетін болады... Қоғамның ең кедей және маргиналдаған топтары мейлінше әлсіз жіктер күйінде қала береді», – деді.

Бұл менің осыдан тура 30 жылдай бұрын, 1992 жылдың 5 қазанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен айтқан ұсыныстарыммен астасып жатыр. Біз сол кезеңнің өзінде әлемнің ең бай мемлекеттерінің әскери-соғыс мақ-

сатына қарастыратын шығындарының 1%-ын бөлу арқылы адамзатқа айтып келмейтін, төтенше апаттарға қарсы күресудің халықаралық қорын жасауды ұсынған едік. Әңгіме ол кезде БҰҰ-ның бітімгершілік күштері туралы болған еді, бірақ, біріншіден, маңыздысы идея және ұжымдық әрекеттестіктің тетігі болатын, екіншіден, түрлі елдерде тәулік сайын жүздеген-мыңдаған адамды баудай түсіріп жатқан пандемияның соғыстан несі кем?

Егер дәл сол кезде мен ұсынғандай қор жасалған болса, қазіргі пандемия жағдайында кедей мемлекеттерге коронавируспен күресуге және оның зиянды зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыруға мол мүмкіндік туған болар еді.

Пандемия әлемді жаңа күшке, жетекші тенденциялар мен алдағы қауіп-қатерлерге негізделген жаңа геосаяси трансформацияға бастады. Тұтқиылдан келген індетке қарсы күресте жұртқа ақпарат пен сандық жүйеге негізделген жаңа технология көмек қолын созды. Бұл еңбек нарығына айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді.

Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Кристофер Писсаридес төртінші индустриялық революция барысында роботтар біртіндеп адамдар қызмет ететін мамандықтардың басым көпшілігін алмастыратын болады деген болжам жасаған еді.

Сол болжам енді келді. Жаһандық технологияландыру нәтижесінде қазірдің өзінде ақпараттық технология, робот техникасы, синтетикалық биология, бионика, нанотехнология, жасанды интеллект саласында бұрын санаға да сыймайтын революциялық өзгерістер орын алып жатыр. Әлемде биоинженер, робот техникасы инженері, киберқауіпсіздік маманы, нейромаркетолог, космобиолог, урба-

нист-эколог, биофармаколог, агрокибернетик, метеоэнергетик сияқты жаңа мамандықтарға сұраныстар барған сайын арта түсуде.

Біз кезінде «EXPO-2017» көрмесін өткізіп, жасыл энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалық энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек.

Жаһандық жаңа трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен ғасырдың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін.

Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері желісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-хаб» халықаралық технопаркi ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулілік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», – деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек.

Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жаныма қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар

Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жетіктігін танытқан, **тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым.** Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша, біз халқымыздың ауыз-бірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Диірменнің тасындай дөңгелеген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысады, бірақ Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында. **Ең бастысы – еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ өнді жерде «Мен Қазақстаныма не беремін?» дегенді ойлауы керек.**

Біз өзіміздің толағай табыстарымыз арқылы тәуелсіздікке сенбегендерді иландырдық, көнбегендерді қатарымызға тарттық, әлем мойындаған абыройлы мемлекетке айналдық.

**Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы өкпендігіне кәміл сенемін.**

Тәуелсіздікке берік іргетас болып қаланған бабаларымыздың асыл мұраты – ерлік пен елдігімізден күш-қуат алып, әрдайым алға баса берейік, ағайын!

Мақала [elbasy.kz](http://elbasy.kz) сайтынан көшірілді



✓ Academic mobility

# НОВЫЙ СТАРТ БРАТЬЕВ-ПЛОВЦОВ КАМЗЕНОВЫХ

Известные актюбинские спортсмены Айбек и Алибек Камзеновы вступили на академический путь, начав обучение в магистратуре. Пловцы с весомым списком спортивных побед поехали учиться по программе академической мобильности в Польшу. Благодаря налаженным связям Zhubanov University с Университетом Экономики города Быдгощ, 40 обучающихся ВУЗа получают международное образование. Братья Камзеновы улучшают профессиональные навыки по специальности "Менеджер спорта".

Мастер спорта Республики Казахстан международного класса Айбек Камзенов является бронзовым призёром V Азиатских Игр в закрытых помещениях. Неоднократно боролся за олимпийскую лицензию. Его младший брат Алибек, являясь мастером спорта по плаванию, также выигрывал международные соревнования разного уровня.

Братья Камзеновы — двойняшки. Родились 16 декабря. Они считают, что их звездное будущее было предопределено главной датой Казахстана.

О своих впечатлениях об обучении за рубежом и планах на науку, с редакцией газеты "ZhU" поделился Айбек Камзенов.

— Теперь знаменитых спортсменов, братьев Камзеновых, увидим только в академической среде? Почему сделали такой резкий поворот в жизни, заменив активную спортивную карьеру на магистратуру?

— Магистратура — новый старт в спорте. Мы с Алибеком хотим получить более углубленные знания по своей специальности. Ведь сейчас учеными проводятся масштабные исследования в области спорта. Плавание в науке оценивается как жизненно важный навык. Также мы изучаем новые данные свойств воды и трактовки законов движения в ней тела. Мы должны быть в курсе событий, не только спортивных. Ставить высокие цели нужно на старте к заплыву. А для этого необходимы знания. Большую роль в нашем зарубежном обучении сы-

на нас на соискание скидки на обучение и проживание в Польше.

Мы продолжаем тренировки в бассейнах Быдгоща. Повезло, что руководит всем процессом программы академической мобильности здесь директор Института спорта и физической культуры Университета Экономики Александер Скалий. Профессор сам долгие годы изучал пользу плавания. Он лично направляет нас с Алибеком на пути получения степени магистра.

— Чем интересно студенчество в Польше?

— Мы с Алибеком часто выезжаем в Европу на соревнования. Но выступать на турнирах и жить здесь в качестве студента — разные понятия. Мы познаем культуру и быт этой страны, местного населения.

Так как мы обучаемся по программе магистратуры, существенной разницы в образовании нет.



Также нравится студенческий городок Университета Экономики, в котором мы обучаемся. На территория почти в 8 гектаров есть все — спортивные зоны, творческие залы, в шаговой доступности библиотека, компьютерные классы с интернетом, есть даже кафе. Предусмотрена безопасность студентов, её обеспечивает круглосуточная охрана.

— Наверное, не в первый раз отмечаете главный праздник страны вне дома. Ведь вы практически весь мир объездили, участвуя в соревнованиях. Как прошел юбилей Казахстана для вас за рубежом?

— Конечно, часто этот День проводили не на родине. Но сейчас восприятие другое — все что связано с Казахстаном вызывает теплоту и трепет в сердце. Повезло, что в нашем университете есть центр "Qazaq eli", основанный Zhubanov University. Когда очень скучаем по дому, приходим сюда.

Юбилейный праздник независимости Казахстана мы отметили всей делегацией. На площади города организовали концерт, инсценировали традиционные обычаи, чем вызвали большой интерес прохожих, угощали горожан блюдами национальной кухни. А вечером главная ратуша Быдгоща была освеще-

на флагом Казахстана. Все эти мероприятия прошли под чутким вниманием руководства университета.

— Вы являетесь новым поколением независимого государства. Какие ощущения дал вам праздник 30-ти летия нашей страны?

— 30 лет для человека — возраст взросления. Также и наша страна перешла из молодой к статусу развитой, экономически, социально, внешнеполитически. Наш с Алибеком опыт — тому пример. Мы счастливое поколение независимой страны. Занимаемся любимым делом, свободно выезжаем защищать честь страны на мировом уровне, нас узнают, нами гордятся. Получаем образование в одном из лучших ВУЗов Европы. Без страха за будущее ставим большие цели. Всё это достижения нашей независимости. Мы благодарны за возможности, которая даёт свобода нашей родины.

Поздравляем всех казахстанцев с юбилейной датой родной страны и наступающим Новым 2022 годом! Пусть будет мир и согласие в нашем общем доме — Республике Казахстан!

Подготовила  
Айгерке Султанбекова



грал заведующий кафедрой теории и методики физического воспитания Zhubanov University, профессор Толеген Ботагариев. Он помог определить тему предстоящей диссертации, а также рекомендовал

Весь процесс направлен на практику и научное сопровождение.

Кстати, в университете Быдгощ очень много иностранных студентов. Здесь мы нашли новых друзей из разных стран.



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



## ZHUBANOV UNIVERSITY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАСЫМ МІНДЕТІНІҢ БІРІ — АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Zhubanov University басшысы Лаура Қарабасова өңірде өткен Халықаралық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күніне орайластырып ұйымдастырылған Халықаралық форумда осылай деді. «Академиялық адалдықтың бұзылуының және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Жұбанов университеті қызметінің басым бағыттарының бірі. Академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнделікті жүріп отыратын процесс. Академиялық салада ғана емес, ғылым саласында да академиялық адалдық принциптерінің орындалуын жіті қадағалаймыз. Ең бастысы, академиялық адалдық Жұбанов университетінің қауымдастығының әрбір студентінің, әрбір оқытушысының ортақ құндылығына айналатын болса ғана академиялық адалдықтың бұзылуының алдын ала аламыз», — деді ректор. Форум заманауи еркін форматта жүрді. Оған ат салысып, пікір білдірген шетелдік спикерлер — Түркияның Гүмүшхане университетінің профессоры Cihangir Kizilozen, Польша Республикасының Быдгощ экономикалық университетінің "Дене шынықтыру және спорт" институтының профессоры Tatiana Skaliy, Италияның Генуя университетінің "Ғылыми зерттеулер және әлеуметтік коммуникация әдістемесі" кафедрасының меңгерушісі Diana Spulber өз елдеріндегі жемқорлыққа қарсы әрекет тәжірибелерімен бөлісті. «Әділдік.Парасаттылық.Сенім 2.0» тақырыбын қамтыған халықаралық форумда еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күрестегі нәтижелер және алдағы міндеттер жайында Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Асхат Жақыпбеков баяндама жасады. Әлемдік дәрежедегі спортшы Ардақ Назаров, Қазақстанның үздік мұғалімі, жас ұстаз Мират Оспанов сияқты танымал тұлғалар ортақ тақырыпқа байланысты ойлармен бөлісті. Халықаралық форум жұмысына Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы, Ақтөбе облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Нұрлан Шабдар қатысты.

Қазақстан Республикасы ТМД елдері ішінде 1998 жылы 2-шілдеде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" ең алғашқы болып Заң қабылдаған мемлекет. Елімізде сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер жұмыс істейді.

## ОДИН ИЗ ПРИОРИТЕТОВ СООБЩЕСТВА ZHUBANOV UNIVERSITY — АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ

Об этом заявила глава Zhubanov University Лаура Карабасова на прошедшем в регион Международном форуме, посвященном Международному дню борьбы с коррупцией. «Предупреждение нарушений академической честности и коррупционных действий — одна из приоритетных задач Zhubanov University. Академическая честность, борьба с коррупцией — повседневный процесс. Мы внимательно следим за соблюдением принципов академической честности не только в академической сфере, но и в науке. Самое главное, мы сможем предотвратить нарушение только в том случае, если академическая честность

станет общей ценностью каждого студента, каждого преподавателя сообщества Zhubanov University», — сказала ректор.

Форум прошел в современном свободном формате. Поделитесь опытом борьбы с коррупцией иностранные спикеры - профессор Университета Гюмюшхане Турции Джихангир Кызылозен, профессор Института физической культуры и спорта Быдгощского университета Польши Татьяна Скалий и руководитель отдела методологии исследований и социальных коммуникаций Университета Генуя Италии Диана Спультер.

На международном форуме «Справедливость. Причина. Доверие 2.0» первый заместитель руководителя Региональной антикоррупционной службы Асхат Жақыпбеков рассказал об итогах борьбы с коррупцией в стране и приоритетных задачах. Спортсмен мирового уровня Ардак Назаров, лучший педагог Казахстана, молодой преподаватель Мират Оспанов поделились своими мыслями на тему. В международном форуме приняли участие заместитель акима Актюбинской области Ермек Кенжеханұлы и начальник областного управления по борьбе с коррупцией Нұрлан Шабдар.

2 июля 1998 года Республика Казахстан первой среди стран СНГ приняла Закон «О противодействии коррупции». В стране действуют специальные правила, регулирующие дисциплинарную и административную ответственность за коррупцию.

## ONE OF THE PRIORITIES OF THE ZHUBANOV UNIVERSITY COMMUNITY IS ACADEMIC INTEGRITY

This was stated by the head of Zhubanov University Laura Karabasova at the International Forum held in the region dedicated to the International Day against Corruption. "Prevention of violations of academic integrity and corruption is one of the priority tasks of Zhubanov University. Academic integrity, fighting corruption is a daily process. We closely monitor the observance of the principles of academic integrity, not only in the academic field, but also in science. Most importantly, we will be able to prevent violation only if academic integrity becomes the shared value of every student, every teacher in the Zhubanov University community," said the rector.

The forum was held in a modern free format. Foreign speakers shared their experience of fighting corruption — Professor of the University of Gumushane in Turkey, Cihangir Kyzylözen, professor of the Institute of Physical Culture and Sports of the Bydgoszcz University of Poland, Tatiana Skali, and the head of the department of research methodology and social communications of the University of Genoa, Italy, Diana Spulber.

At the international forum "Justice. Cause. Trust 2.0" First Deputy Head of the Regional Anti-Corruption Service Askhat Zhakypbekov spoke about the results of the fight against corruption in the country and priority tasks. World-class athlete Ardaq Nazarov, the best teacher of Kazakhstan, young teacher Mirat Ospanov shared their thoughts on the topic. Deputy akim of Aktoobe region Ermek Kenzhekhanuly and head of the regional anti-corruption department Nurlan Shabdar took part in the international forum.

On July 2, 1998, the Republic of Kazakhstan was the first among the CIS countries to adopt the Law "On Combating Corruption". The country has special rules governing the disciplinary and administrative liability for corruption.

## Anniversary

Zhubanov University «Музыка және хореография» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұржамал Мукееваның мерейлі 60 жасқа толу құрметіне «Заманауи білім беру, мәдениет пен өнер мәселелері мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Оған ұстаз-ғалымның әр жылдарда әріптес болған достары қатысты. Нұр-Сұлтан қаласынан келген Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты, Гүлнар Альпеисова мерейтой иесінің еңбек жолы жайында баяндама жасап, Нұржамал Мукееваның ғылымдағы ізденістері мен жетістіктері, өнердегі орны туралы әңгімеледі. Сондай-ақ Саратов мемлекеттік өнер институты директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Инга Рахимбаева (Ресей), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Өнер, мәдениет және спорт институтының ғылыми іс-жұмыстары директорының орынбасары, профессор Лаура Какимова (Алматы), Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының Орта білім институтының аға ғылыми қызметкері Алтын Маханбетова (Нұр-Сұлтан), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнші Марат Әйтминов (Ақтөбе) сөз сөйлеп, жылы лебіздерін жеткізді.

Конференцияда музыкалық білім беру теориясы мен практикасы, педагогикадағы дәстүрлер мен инновациялар, зерттеулер мен перспективалар туралы мәселелер талқыланды. Конференцияның кеңейтілген мәжілісінде Нұржамал Мукеева Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар Кәсіподақ ұйымының төрайымы Ольга Сұлтанғалиева университет ұжымы атынан туған күн иесінің иығына жағалы шапан жапты. Ал Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында оған «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің еңбек ардагері» медалі табысталды.

Нұржамал Мукеева 30 жылға жуық білім беру саласында еңбек етіп келе жатқан, ұжымы мен шәкірттерінің ықыласына бөленген ұлағатты ұстаз. Мерейлі белеске жеткен қуанышы сәтінде өнер-өмір иесімен кездесіп, әңгімелесіп едік.

Сұқбат алған  
Гүлнара Қараша.

# ӨНЕР-ӨМІР ИЕСІ



— Өміріңіздің алпысыншы асқарына әдемі жетуіңізбен шын көңілмен құттықтаймын. Кешірім сұраймын, көкейге бірден келетін әйелдерге тән өтініш: сұлулығыңыздың сырымен бөлісіңізші?

— Біріншіден, рахмет! Өте тамаша комплимент айттыңыз. Қалай осы жасқа келгенімді өзім де баймай қалыппын. Сұлулық туралы көп көзқарас бар екені шын. Екіншіден, сұлулық туралы айтатын болсақ, мен оны әйел бейнесінде елестетемін. Өйткені, әлемнің бар асылын, үлдесі мен бүлдесін орнатын — осы нәзік жанды қауым емес пе? Ең алдымен адамның жан дүниесі сұлу болуы керек. Тарихқа көз бұрсақ, онда мысалы, әйел сұлулығының идеалы ретінде Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің тұғырдағы құдайлары саналды. Бүгінгі көзқараспен қарасақ, тұғырдағы Афродита мүсіні кішкене толықтау көрінер еді. Орта ғасыр сұлуларының іштері кішкене шығыңқы келетін. Қыздар іштерін солай көрсету үшін арнайы жастықты да пайдаланған екен. Тұтастай мүсіндері нәзік, беттері бозғылттау болса, сұлу деп саналған. Мона Лизаның суретіне қарап көріңіз, ол да сол замандағы әйелдің сұлулығының символы деп білемін. Ал XX ғасыр сұлуы осындай болған деп қадап айту қиынырақ. Неге десеңіз, ғасыр басында қысқа шашты, етжеңді әйелдер сұлу болып саналса, ғасырдың екінші жартысында әйелдердің жаппай арықтауы етек алды. Жыл өткен сайын әйелдер арық әрі ұзын бола бастады. Бүгінде 90:60:90 ұғымы пайда болған. Хас сұлулардың дене бітімі осы арнайы өлшемге сәйкес болса ғана сұлу деп қабылданады. Біздің заманның сұлулық символдары деп Айшвария Рай мен Анджелина Джолиді айта аламыз. Солай емес пе? Ал

меніңше қазақ қыздарының сұлулығы туралы Ғабит Мүсірепов деп айтқан: «Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімнен көрінеді». Сондықтан, сұлулықты мен мейірімділік деп қабылдаймын. Мейірімділікпен бәрін жеңуге болады. Жүзі жылу, жүрегі қызғаныштан ада, өзіне сенімді әйел сұлу көрінеді. Әрине, күтіну керек, ол үшін ерінбейтін еңбекқорлық қажет. Таңертең тұрғанда әйел өзіне сәл ғана уақыт, көңіл бөлгені, крем, маска қолдануды ұмытпауы керек. Бәріне үлгеруге болады.

— Сізге қарап, ойға келгені, бүгінгі өмір жасыңызды тең бөлгенде екі жүйеге бірдей келеді екен. Дүниеге келуіңіз Кеңес дәуірінде өткен, ал тұлға ретінде кемелдену шағыңыз Тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатыр. Еліміз егеменді алғанын естіген күн есіңізде ме?

— Ия, дұрыс айтасыз. Мен XX ғасырдың 2-ші жартыжылдығында, яғни 1961 жылы 8 желтоқсанында, Батыс Қазақстан облысының Шағатай ауылында, қызметкерлер отбасында дүниеге келдім. Ол Кеңес дәуірі. 1977 жылы Ы.Алтынсарин атындағы 8 кластық мектебін бітіріп, 1977-1983 жылдары Орал қаласындағы музыкалық училищесіне мемлекеттік сұраныс бойынша дайындық конкурстан өтіп, 2 жыл скрипка аспабын меңгердім.

Училищедегі алғашқы ұстазым Филиппова Ольга Николаевна әлі күнге дейін сағынып, іздеп келемін. Ол 1982 жылы отбасын құруына байланысты Ресейге көшіп кетіп еді. Училищені 1983 жылы сәтті тәмамдап, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға қабылдандым. Ушінші курстан кейін белгілі себептермен оқуымды Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтындағы музыка факультетінде жалғастырдым. 1989 жылы

аталған жоғары оқу орнын "Музыка және ән мұғалімі" мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Алғашқы педагогикалық қызметімді Ақтөбе қаласындағы №1 музыка мектебінде скрипка класы негізінде бастадым. Кеңес Одағында ЖОО бітірген жас маманды міндетті түрде мемлекет жұмысқа орналастыратын еді. Айта кететін жайым бар. Менің тұңғыш ұлым дүниеге 1986 жылы Алматы қаласында студенттік кезде келді. Өздеріңізге мәлім ол жылы Қазақстан елінде Желтоқсан оқиғасы болды.

1991 жылы қазақ елі аңсаған арманына жетті деп ойлаймын. Желтоқсанның 16-сында ел Тәуелсіздігінің жарияланғандығы туралы теледидардан естідім. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болғаны, әрине мен үшін жанымды жадыратқан мақтаныш еді. Өзіміздің туымыз, өзіміздің ән ұранымыз, өзіміздің кең байтақ жеріміз бар. Осының бәрін құрметтеу керек, болашақ жастарымыз қазақ елінің нағыз патриоты болса деймін. Біздің мақсатымыз қазіргі жастарға сапалы білім берумен қатар елін, тілін, тарихын және мәдениетін білетін, өнерді қастерлейтін мамандарды тәрбиелеп шығару.

— Тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық-әлеуметтік қиындықтар кезінде жоғары білім саласына қызметке келіпсіз. Меніңше жалақының көшіктіріліп берілуіне, тұрмыстық жетіспеушіліктерге ең төзімді болған педагог қауымы сияқты. Есімде, жаңа оқу жылы басталғанда ешкім жаңа киіммен келе алмайтын, сонда да жүзіміз жарқылдап, қуанып қауышып жататынымыз.

— Айтуыңыз орынды. Бірақ ол кезде жас едік қой. Кеңес дәуірінен бойға сіңген ертеңгі болашаққа нық сенетін қасиет болды. Бәріміз



ортақ жағдайда болдық. Киім ештеңе емес, тамақты да талонмен алған кез болды ғой. Мен ол жылдары, 1994 жылы педагогикалық училищесінен ауысып, осы ЖОО-ға келдім. Ол кезде педагогикалық институт еді. Келесі оқу жылы Алматы қаласындағы Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтына бір жылға ғылыми тағылымдамаға кеттім. Әрі қарай сонда аспирантураға түстім. 2004 жылы ғана мен кандидаттық диссертациямды қорғадым. Ғылыми жетекшім, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Рита Рамазановна Джердималиева болды. Керемет білімді ұстаз. Қазір ол кісі 82 жаста. Соған қарамастан Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында еңбек етіп келеді.

— Сыртыңыздан көрген адам өнерге қатысы бар жан екеніңізді байқайды. Сахна үшін жаралғандайсыз. Зерттеу нысандарыңыз, оның нәтижесі туралы айтып берсеңіз. Өзекті мәселелер екен.

— Солай көрінемін бе екен? Сахна мен үшін — киелі орын ғой. Концерттерде скрипкамды қолыма алып шығатын кездерім де болады. Бірақ уақыт жетіспейді. Сахнада өнер көрсету көп дайындықты қажет етеді. Мен өзімнің аспабымды өте сүйімін. 6 жыл музыкалық училищеде және 3 жыл консерваторияда оқып меңгерген аспабым ғой. Консерваторияны аяқтай алмай қалдым, сондықтан болар, мені осы диссертация қорғаған кезге дейін үнемі бір түс мазалады. Сахнаға шығып өнер көрсетіп жатамын, бірақ орындап жатқан шығармаларды аяқтай алмаймын.. Ондай да болады екен... Әлі есімнен кетпейді.

Жоғарыда айтып кеттім ғой, қалай ғылымға келгенім туралы. Диссертация тақырыбым «Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру негізінде музыка сабағын берудің әдістемелік жүйесі (5-ші сыныптағы музыка мен әдебиеттің интегралданған сабақтары)» деп аталды. Қорғап шыққан тақырыбым осы күнге дейін өте өзекті мәселенің бірі болып келеді. Мен 27 жыл ЖОО-да еңбек етіп келемін. Айтайын дегенім, бұл зерттеу тақырыбымды әлі күнге дейін зерттеп келемін. Заманның талабына қарай әр түрлі әдіс-тәсілдерді енгізу, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану жолдарын іздестіруді, талдауды қажет етеді. Оның барлығын «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» пәнінде студенттермен дәріс және практикалық сабақтарында қарастырамыз. Шынын айту керек, музыка саласында, қазақ тілінде жазылған осы күнге дейін оқулықтар, құралдар аз. Қажеттілік туғандықтан, ғалымдар болып, бірлесіп қазақ тілінде оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жазып, баспалардан шығарып келеміз. Ұстаз өмір бойы ізденеді. Өмір бойы оқиды. Заман талабына сай оқудан жа-

лықпаймын. Қазіргі таңда орысша, қазақша және ағылшынша жазып, сөйлеп, оған қоса оқулықтар да жазып үйрендім. Ағылшыннан беретін ұстазым, өзімнің қызым — Айгерім. Ол Қазақ-Британдық университеті «Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығының 4-курс студенті. Қызыммен қосылып ағылшын тілінде Methods of teaching music (study guide for students studying in the specialty 6B01401 – Music education) атты оқу құралын Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Педагогика ғылымдары» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестігінде (Жобаны басқару топтары) бекітіп, жақында баспадан шығардым.

— Сіздің бірнеше музыкалық аспаптарда ойнайтыныңызға тәнтіміз. Әнді тамаша айтатыныңызға да куәміз. Негізгі сізде стресс болмайтын шағар. Жүйкеңіз жұқарса, қолыңызға аспабыңызды алып, шырқай қоясыз ғой. Керемет мүмкіндік емес пе?

— Сізбен келісімін. Шынында солай. Менің вокалистка болғым келді бір уақытта. Ол арманымды

ЖенПИ-да (Қыздар педагогикалық институты. авт) орындадым. Вокал сабағы болды. Гитара мен домбыраны өзім меңгердім. Ал фортепианодан мемлекеттік емтихан ЖенПИ-да тапсырдым. Әкем мен анама ризамын. Маған сондай дұрыс генетика бергеніне. Өзім де сезбеппін, қалай мен соның барлығын меңгергенім. Барлығына махаббат керек қой және де еңбектену, тағы да еңбектену. Адам болып жаратылғасын стресс болады, тек оны жеңе білу керек. Ыстық ұя — отбасы, сенімді достар, жан бауырлар болса өмір қиындықтары түк те емес. Әрине сонымен бірге сүйетін кәсібің болса. Мен педагогтық қызметімді ұнатып істеймін. Бұл менің бар ғұмырымды арнаған кәсібім. Студенттерімді сыйлаймын, жақсы көремін, бірақ өте қатаңмын. Дұрыс па, бұрыс па екен, қалай ойлайсыз? Өзіме жиі осы сұрақты қойып отырамын.

— Адами қатынастардың нәзік тұстарын реттеп отыру әр жағдайға байланысты. Оқытушының кей кезде қатаңдық танытуы мейірімсіздік емес. Ол — талапшылдық деп ойлаймын. Сіздің алдыңыздағы бүгінгі сту-

дент өртенгі музыка пәнінің мұғалімі. Бір байқап қалғаным, бітірген соң, сол талантты жастар, мектепке бармай, жеке өнші болып кетіп жатқан сияқты ма?

— Ия, қазір мектептерде музыка пәнінің мұғалімдері жетіспейді. Мемлекеттік сұранысты толық орындай алмай отырмыз деп айтуға болады. Соңғы жылдары "Музыкалық білім" мамандығына түскісі келетін талапкерлердің саны өсуде. Қуантатын жағдай. Заманауи музыка мұғаліміне қазіргі таңда өте жоғары талап қойылып отыр. Ол тек қана ән айта алумен шектелмей, көп аспапты меңгерген, сауатты, құзыретті, коммуникативтік, зерттеу қабілеті бар, әр түрлі әдіс-тәсілдерді меңгерген маман болуы тиіс. Бізде оқып білім алған түлектердің 95 пайызы аудандарда, ауылдарда және қалаларда өз мамандығы бойынша жұмыс жасап келеді. Жеке өнші болып кеткендері де бар. Қазақстанға белгілі өнші, актер Нұрболат Абдуллин біздің түлегіміз. Біз онымен мақтанамыз!

— Қызықтырған барлық сұрақтарыма жауап бергеніңіз үшін рақмет! Бақытты болыңыз!





## ☑ Басты жаңалықтар

## ☑ Главные новости

## ☑ Main news

### ОТЫЗ Жылдағы Өңір Жетістіктері

Тәуелсіздіктің отыз жылы өңір тұрғындарының тұрмысына көп өзгерістер енгізгені жайлы облыс әкімі Оңдасын Оразалин "Ақтөбе" газетіне жарияланған мақаласында баяндады.

"Өңіріміз Ұлт көшбасшысы — Елбасының көрегендігі мен қазіргі уақытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған саясатының арқасында өз дамуында үлкен табыстарға жетті. Яғни осы уақыт өлшемінде халықтың өмір сүру сапасы едәуір артты. Өңір экономикасында жыл сайынғы өсу үрдісі бар деген" деген О.Оразалин тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бірқатар қиындықтарды атап өткен. "Керші елдің электр қуаты күшіне зәру болғандықтан жарық қайта-қайта өшірілетін. Талай күндеріміз бен түндеріміз жарықсыз өткенін еліміз ұмытпаған болар. Сол қиындықтардан Елбасымыздың өзі алып шықты. Өңіраралық «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» 500 кВ электр беру желісін іске қостырып, батыс аймағының энергетикалық қажеттілігін толықтай қамтамасыз етті", — деп жазған.



Сондай-ақ ол көрші елдің шекарасындағы кіріптарлықтан құтқарған ұзындығы 400 шақырымнан астам Хромтау-Алтынсарин теміржол желісі салынғанын, нәтижесінде Орталық және Батыс өңірлер арасын теміржол қатынасымен қамтамасыз етіп, Елордамен арадағы жолды қысқарғанын айтқан.

Өңірдегі тәуелсіздік жылдарында салынған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автожолының құрылысы халықаралық транзиттік дәлдікті қамтамасыз етті. Осы жолдардың әлеуметтік дамуы жағынан шаарапаты мол болды, дағдарысқа ұшыраған аудандардың өмірі қайтадан жандана бастады. Жол бойында шағын және орта кәсіпкерлік нысандары бой көтерді. Қосымша жұмыс орындары ашылды. Жергілікті тұрғындар мал өнімдерін тиімді бағамен өткізетін болды. Сәйкесінше, ауыл халқының ырзық-несібесі молайды. Тұрмысы түзелді. Жалпы, өңірлік өнім (ЖӨӨ) 30 жыл ішінде едәуір ұлғайды. Ақтөбе облысы өнеркәсіптік аймақ ретінде айтарлықтай табыстарға қол жеткізді.

"Тәуелсіздік кезеңінде пайдалануға берілген біздің бірқатар ірі және маңызды инвестициялық жобаларымыз «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», «Қазхром» сияқты өндіріс орындары өнімдерін ұлғайтып, экспорт ауқымын кеңітті. ТМД-мен қатар Еуропа, Қытай Халық Республикасы, Жапониядай алпауыт елдерін қамтып, трансұлттық компанияларға айналды.

Тәуелсіздік кезеңінде «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ашылды. Әлемдегі Аустрия және ҚХР сияқты елдерден кейін үшінші, ал Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы жоғары сапалы, жаңа, заманауи рельстер шығаратын жалғыз зауыт 2018 жылы «Қожасай» кен орнында «Gas Processing Company» заманауи газ өңдеу кешені салынып, пайдалануға берілді.

2020 жылы Қарғалы ауданында «Arm Wind» жел электр станциясының бірінші кезеңі іске асырылды. Бұл трансұлттық — Италия еліндегі ENI компаниясының жаңартылатын энергия көзінің әлемдегі алғашқы жобасы. Жалпы, қуат көздерінің әлеуетінің қолжетімді болуы тұрғындардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететіні анық", — дейді облыс басшысы өз мақаласында.

Ақтөбе облысында 1991 жылы газ отынымен облыс тұрғындарының тек жартысы ғана қамтылса, бүгінде ол көрсеткіш екі есеге өсті. Көгілдір отынның игілігін өңір тұрғындарымен 92,5%-ы көріп отыр. Сол кезеңде халықтың тек 68%-ы таза ауызсуға қол жеткізген болса, ал бүгінгі күні халықты орталықтандырылған сумен толық қамтып, 97%-ға жеткізілген.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында облыстағы ауыл шаруашылығы құрылымдары жаңадан күш алып, өркендеуде. Инвестиция құйылып, жаңа техникалар сатып алынып, озық технологиялар енгізілді. Өңірімізде мал басы да артты. Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу дұрыс жолға қойылды. Бұл салада өңірдің 100-ден астам кәсіпорны қызмет жа-

сайды. Осы мекемелердің жиырмаға жуығы — ірі экспорттаушы кәсіпорындар.

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша суармалы жерлердің ауданы 40 мың гектардан асты. Бұдан басқа бұрын-соңды болмаған, тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана пайда болған жылыжайлардың ауданы 48 мың гектарға жетті. Өнімдері ішкі нарықты да қамтамасыз етіп, экспортқа да шығарылуда.

Тәуелсіздік кезеңінде түгелге дерлік медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жақсартылды. 150-ден астам жаңадан медициналық нысандар салынды. Балабақшалар саны сегіз есеге ұлғайды. Соның нәтижесінде балабақшамен қамту он есеге жуық өсті. Яғни 9%-дан бүгінгі күні 87,3%-ға дейін өсім көрсетті. Сондай-ақ орта білім беру инфрақұрылымы жақсарып, 160 жаңа мектеп пайдалануға берілді.

Сонымен қатар тәуелсіздіктің жылдарында мәдениет және өнер мекемелері де екі жарым есеге ұлғайып, 480-ге дейін жетті. Сондай-ақ осы жылдарда облыста 600-ге жуық спорт нысаны іске қосылды. Осындай өмір сапасының жақсаруы нәтижесінде тұрғындарымыздың өңірдегі орташа жас көрсеткіші 67 жастан 72 жасқа дейін ұлғайды. Облыс халқының саны жыл санап өсуде. Тек Ақтөбе қаласының тұрғындарының өзі екі есеге дейін көбейіп, жарты миллионнан асты делінген мақалада.

### ДОСТИЖЕНИЯ РЕГИОНА ЗА ТРИДЦАТЬ ЛЕТ

Аким области Оңдасын Оразалин рассказал об изменениях в жизни жителей области за тридцать лет независимости в статье, опубликованной в газете «Ақтөбе».

«Благодаря дальновидности Лидера нации - Елбасы и нынешней политике Президента Касым-Жомарта Токаева наш регион добился больших успехов в своем развитии», - отметил Оңдасын Оразалин. Он также вспомнил ряд трудностей в первые годы независимости: «Электроэнергия поступала в область в основном из России, практиковались веерные подключения света только на определенное время суток. При поддержке Первого Президента страны в короткие сроки была протянута межрегиональная линия электропередачи Актюбинская область — Северный Казахстан с двумя подстанциями — ПС 500 кВ Житикара и ПС 500 кВ Ульке, соединившая актюбинский энергоузел с ЕЭС Казахстана».

О.Оразалин также сообщил, что железнодорожная линия Хромтау-Алтынсарин протяженностью более 400 км была построена на границе с соседней страной, что обеспечило железнодорожное сообщение между Центральными и Западными регионами. Это сократило расстояние от столицы. Мегатрасса «Западная Европа - Западный Китай», построенная за годы независимости в регионе, обеспечила международный транзитный коридор. Эти дороги оказались очень успешными с точки зрения социального развития, жизнь в пострадавших от кризиса районах возродилась. Вдоль дороги построены объекты малого и среднего бизнеса. Созданы дополнительные рабочие места. Местные жители могут продавать продукцию животноводства. Соответственно, повысился уровень жизни сельского населения.

«Актюбинская область добилась значительных успехов как промышленная зона. Ряд наших крупных и важных инвестиционных проектов сданы в эксплуатацию за годы независимости. Такие производственные предприятия как СНПС-Ақтөбемұнайгаз и Казхром увеличили производство и расширили экспорт. Они получили статус транснациональных компаний, охватывающие страны Европы, Китайскую Народную Республику и Японию. В период независимости был открыт Актюбинский рельсобалочный завод. Это третий по мощности завод в мире после Австрии и Китая, единственный в Евразийском экономическом союзе по производству качественных, новых, современных рельсов. Введен в эксплуатацию в 2018 году на месторождении Кожасай с современным газоперерабатывающим комплексом Gas Processing Company. В 2020 году в Каргалинском районе реализована первая очередь ветропарка Arm Wind. Это первый в мире проект ENI в области возобновляемой энергии в Италии. В целом, очевидно, что наличие энергетического потенциала напрямую влияет на социальное положение населения», - поделился данными в своей статье глава региона.

В Актюбинской области в 1991 году газом была обеспечена только половина населения области, а сегодня эта цифра увеличилась вдвое. 92,5% населения области пользуются природным газом. В то время только 68% населения имело доступ к безопасной питьевой воде, а сегодня население полностью обеспечено централизованным водоснабжением, достигая 97%.

Благодаря государственной поддержке сельскохозяйственные структуры региона набирают силу и процветание. За счет инвестиций закуплено новое оборудование, внедрены передовые технологии. В нашем регионе также увеличилось поголовье скота. Переработка сельскохозяйственной продукции хорошо налажена. В этой сфере работают более 100 предприятий области. Около двадцати из этих компаний являются крупными экспортёрами.

По итогам этого года площадь орошаемых земель превысила 40 тысяч гектаров. Кроме того, площадь теплиц, построенных после обретения независимости, достигла 48 тысяч гектаров. Продукция поставляется как на внутренний рынок, так и на экспорт.



## Басты жаңалықтар

## Главные новости

## Main news

За период независимости улучшена материально-техническая база практически всех медицинских организаций. Построено более 150 новых медицинских учреждений. Количество детских садов увеличилось в восемь раз. В результате охват детских садов увеличился почти в десять раз. Это рост с 9% до 87,3%. Также улучшена инфраструктура среднего образования, введено в эксплуатацию 160 новых школ.

За годы независимости количество учреждений культуры и искусства увеличилось вдвое - до 480. Также за годы работы в области запущено около 600 спортивных объектов. В результате этого улучшения качества жизни средний возраст нашего населения в регионе увеличился с 67 до 72 лет.

Население области с каждым годом растет. В статье говорится, что только в Актобе население увеличилось вдвое и превысило полмиллиона.

## ACHIEVEMENTS OF THE REGION IN THIRTY YEARS

Akim of the region Ondasyn Orazalin told about the changes in the life of residents of the region for thirty years of independence in an article published in the newspaper "Aktobe".

"Thanks to the foresight of the Leader of the Nation - Elbasy and the current policy of President Kassym-Jomart Tokayev, our region has achieved great success in its development," Ondasyn Orazalin noted. He also recalled a number of difficulties in the first years of independence: "Electricity came to the region mainly from Russia, fanned light connections were practiced only for a certain time of the day. With the support of the First President of the country, an interregional power transmission line Aktobe region - North Kazakhstan with two substations - 500 kV Zhitikara substation and 500 kV Ulke substation, which connected the Aktobe power center with the UES of Kazakhstan, was extended in a short time".

Orazalin also said that the Khromtau-Altynsarin railway line with a length of more than 400 km was built on the border with a neighboring country, which provided a railway connection between the Central and Western regions. This reduced the distance from the capital. The Western Europe - Western China megatrack, built over the years of independence in the region, provided an international transit corridor. These roads have proved to be very successful in terms of social development, and life in crisis-hit areas has been revived. Small and medium-sized businesses have been built along the road. Additional jobs have been created. Local residents can sell livestock products. Accordingly, the standard of living of the rural population has increased.

"Aktobe region has achieved significant success as an industrial zone. A number of our large and important investment projects have been commissioned over the years of independence. Manufacturing enterprises such as CNPC-Aktobemunaigas and Kazchrome have increased production and expanded exports. They received the status of transnational companies covering the countries of Europe, the People's Republic of China and Japan. During the period of independence, the Aktobe rail and structural steel plant was opened. This is the third largest plant in the world after Austria and China, the only one in the Eurasian Economic Union for the production of high-quality, new, modern rails was built. Commissioned in 2018 at the Kozhasai field with a modern gas processing complex by the Gas Processing Company. In 2020, the first stage of the Arm Wind wind farm was completed in Kargalinsky district. This is ENI's first renewable energy project in the world in Italy. In general, it is obvious that the presence of energy potential directly affects the social status of the population," the head of the region shared the data in his article.

In the Aktobe region in 1991, only half of the region's population was provided with gas, and today this figure has doubled. 92.5% of the region's population use natural gas. At that time, only 68% of the population had access to safe drinking water, and today the population is fully provided with centralized water supply, reaching 97%.

Thanks to government support, agricultural structures in the region are gaining strength and prosperity. Due to investments, new equipment was purchased, advanced technologies were introduced. The livestock population has also increased in our region. The processing of agricultural products is well established. More than 100 enterprises of the region work in this area. About twenty of these companies are major exporters.

At the end of this year, the area of irrigated land exceeded 40 thousand hectares. In addition, the area of greenhouses built after independence has reached 48 thousand hectares. Products are supplied both to the domestic market and for export.

During the period of independence, the material and technical base of almost all medical organizations has been improved. More than 150 new medical institutions have been built. The number of kindergartens has increased eightfold. As a result, the coverage of kindergartens has increased almost tenfold. This is an increase from 9% to 87.3%. The infrastructure of secondary education was also improved, 160 new schools were put into operation.

Over the years of independence, the number of cultural and art institutions has doubled - up to 480. Also, over the years of work in the region, about 600 sports facilities have been launched. As a result of this improvement in the quality of life, the average age of our population in the region has increased from 67 to 72 years.

The population of the region is growing every year. The article says that in Aktobe alone, the population has doubled and exceeded half a million.

## ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕР ҚАТЫСТЫ

Zhubanov University филология факультеті Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуына орай өткізген мерекелік кешке шетелдік әріптестер қатысты. "Тәуелсіздік және руханият көкжиегіндегі Қазақстан" тақырыбын қамтыған кездесуде Түркия Республикасының Гүмүшхане университетінің оқытушысы, Ph.D. Жихангер Қызылөзен, Польша Республикасының Быдгощ Экономикалық университетінің профессоры Татьяна Скалий, Италияның Генуя университетінің профессоры Диана Спұлбер академиялық ұтқырлық бағдарламасының екіжақты тиімді жақтарын атап, қазақ жастарының білімге құштарлығына ризашылықтарын білдірді. Егеменді елімізге баянды бейбітшілік, жарқын болашақ тіледі. Ал Қытай Халық Республикасының Синьцзян қаржы - экономикалық университетінің профессоры Чан Хон Чжон тәуелсіздік жылдарындағы ҚХР мен Қазақстан арасындағы тығыз байланыстың нәтижелері туралы арнайы баяндама жасады. Мерекелік шараға қонақ ретінде қатысқан Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғалымдары, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаев пен педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Айсулу Тасимова өздері қызмет еткен Zhubanov University университетінің соңғы жылдардағы өркендеу, даму бағыттарына қолдау білдірді.

Шара барысында Zhubanov University университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрбол Садуақас қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу жолы жалпы баяндама жасады.

Салтанатты кеште факультет деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлжан Шоқым оқу-тәрбие ісінде еңбегі елеулі оқытушылар мен оқуда озат, қоғамда белсенді білім алушыларға Алғыс хат табыстады.

## ЮБИЛЕЙНАЯ ВСТРЕЧА С УЧАСТИЕМ ЗАРУБЕЖНЫХ КОЛЛЕГ

Зарубежные коллеги приняли участие в праздновании 30-летия независимости Казахстана. Мероприятие организовано филологическим факультетом Zhubanov University. В ходе встречи на тему «Казахстан на горизонте независимости и духовности» доцент турецкого университета Гүмүшхане, PhD-доктор Джихангер Кызылөзен, профессор Быдгощского университета Польши Татьяна Скалий, профессор Генуэзского университета Италии Диана Спұлбер отметили взаимовыгодность программы академической мобильности и заинтересованность студентов в получении знаний. Они пожелали нашей суверенной стране мира и светлого будущего. Профессор Синьцзянского университета финансов и экономики Китайской Народной Республики Чанг Хун Чжун выступил со специальным докладом об итогах тесных связей между Китаем и Казахстаном за годы независимости. Принявшие участие в мероприятии в качестве гостей ученые Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета, доктор филологических наук, профессор Алпысбай Мұсаев и кандидат педагогических наук, профессор Айсулу Тасимова, поддержали развитие Zhubanov University за последние годы.

В ходе мероприятия преподаватель Zhubanov University, кандидат филологических наук, доцент Нурбол Садуақас рассказал о переходе казахского алфавита на латиницу. В завершении мероприятия декан факультета, доктор филологических наук, профессор Гүлжан Шоқым вручила благодарственные письма преподавателям, внесшим весомый вклад в образовательный процесс, а также лучшим студентам.

## ANNIVERSARY MEETING WITH THE PARTICIPATION OF FOREIGN COLLEAGUES

Foreign colleagues took part in the celebration of the 30th anniversary of Kazakhstan's independence. The event was organized by the Faculty of Philology at Zhubanov University. During the meeting "Kazakhstan on the horizon of independence and spirituality", Associate Professor of the Turkish University of Gumushane, PhD-Doctor Cihanger Kyzylozen, Professor of the Bydgoszcz University of Poland Tatiana Skali, Professor of the University of Genoa Italy Diana Spulber noted the mutually beneficial program of academic mobility and the interest of students in gaining knowledge. They wished our sovereign country peace and a bright future. They wished our sovereign country peace and a bright future. Professor of Xinjiang University of Finance and Economics of the People's Republic of China Chang Hong Zhong made a special report on the results of close ties between China and Kazakhstan during the years of independence. Scientists from the West Kazakhstan Innovation and Technological University, Doctor of Philology, Professor Alpybay Musaev and Candidate of Pedagogical Sciences, Professor Aisulu Tasimova, who took part in the event as guests, supported the development of Zhubanov University in recent years.

During the event, Zhubanov University lecturer, candidate of philological sciences, associate professor Nurbol Saduakas spoke about the transition of the Kazakh alphabet to the Latin alphabet. At the end of the event, the dean of the faculty, Doctor of Philology, Professor Gulzhan Shokym presented letters of thanks to teachers who made a significant contribution to the educational process, as well as to the best students.

Басты жаңалықтарды дайындаған  
Айерке Сұлтанбекова





# ZHUBANOV ZHULUY— ВОЛОНТЕР ГОДА

Группа студентов-волонтеров «ZHUBANOV ZHULUY» удостоилась международной премии «Волонтер года» от имени министра информации и общественного развития Республики Казахстан Аиды Балаевой. Награда присвоена волонтерскому клубу за вклад в сохранение и защиту окружающей среды.

Молодежная организация работает в нескольких направлениях. Одно из них активное решение экологических проблем. Волонтерами была организована группа «ECOARSU», участники которой проводят экологические акции и турниры, убирают частные дворы одиноких пожилых актюбинцев, выходят на экосубботники, сортируют собранный мусор, раскладывают отдельно отходы и сдают в специальные мусороприемники.

Многие горожане уже получили частичку тепла молодых жубановцев. Студенты раздают конфеты на улицах Актобе, даря прохожим радость, занимают досуг постояльцев Дома престарелых. Также благородная молодежь собирает одежду для нуждающихся семей.

В области насчитывается 161 волонтерский клуб. Всего более 5000 волонтеров. 400 из них — студенты. Организацию работы региональных волонтерских групп регулирует Актюбинский областной филиал Республиканской лиги волонтеров.

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова встретила с творческой и активной студенческой молодежью. Обращаясь к собравшимся, она отметила, что университеты с мировым рейтингом уделяют весомое внимание социальным проблемам своих регионов. Поэтому руководитель ВУЗа всегда открыта к проектам волонтеров и готова поддержать благие инициативы.

Айгерке Сұлтанбекова

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University  
облыстық ақпараттық-  
танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор  
Лаура Қарабасова

Бас редактор  
Гүлнара Қараша

Аудармашы  
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:  
Айгерім Нуршина

Фотограф:  
Есет Сағдузин

Редакцияның мекенжайы:  
030000, Ақтөбе қаласы,  
Гришин көшесі, 7 «А»  
337 бөлме

E-mail:  
gazetaZhU@mail.ru  
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана